

Отанды сүю –
өркениеттіліктің
бірінші белгісі.

Елбасы Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

6

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 11 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
786 094

II компонентпен
619 144

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

19

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

ИНДЕТТІҢ ТАРАЛУ ИНДЕКСІ ТӨМЕНДЕДІ

Президент еліміздегі эпидемиология туралы министрдің есебін тыңдады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау министрі Алексей Цоймен телефон арқылы сөйлесіп, еліміздегі коронавирус індетіне қарсы қабылданып жатқан шаралар жөнінде есебін тыңдады. Бұл туралы Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлады. Министрдің айтуынша, елордада індетті жұқтырушылар саябырлап, эпидемиологиялық жағдай тұрақталып келеді. Дегенмен, соңғы аптада Қазақстанда ауру жұқтырғандардың саны 10 пайызға артқан.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 1 тамыздан бастап елімізде індеттің таралу индексі 1,11-ден 1,01-ге дейін азайып, 9 пайызды құрағаны жөнінде ақпарат берілді. Алексей Цой Нұр-Сұлтан қаласында коронавирустың таралу индексі 1 бірліктен төмендегенін, Алматыда 19 пайызға азайғанын жеткізді.

Бүгінгі таңда аймақтардағы 328 медицина нысанында 55 658 науқас емделіп жатыр. Республика бойынша ауруханалардағы төсек-орындардың – 54 пайызында,

жансақтау бөлімдерінің 45 пайызында науқастар ем қабылдауда.

Алексей Цойдың айтуынша, қазіргі таңда 5,9 миллион адамға коронавирусқа қарсы вакцинаның бірінші компоненті салынып, екпе алатын тұрғындардың 59 пайызын құраған. 4,5 миллион адамға екпенің екінші компоненті салынып, екпе салынатын тұрғындардың 45,2 пайызы қамтылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

AKIMAT LIVE

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

«ASHYQ» ЖОБАСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

ол вирус жұқтырған немесе байланыста болған адамдардың
қоғамдық орындарға баруының алдын алуға,
шағын және орта бизнес жұмысын қалпына келтіруге мүмкіндік береді

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев кеше «Алматы» телеарнасындағы дәстүрлі Akimat LIVE бағдарламасына онлайн-режимде қосылып, тікелей эфирде алматылықтардың сұрақтарына жауап берді. Сөздің әлқиссасын эпидемиология жайлы бастаған қала әкімі жағдайдың күрделілігіне «дельта» штамы себепші екенін айтты. Сол себепті де, вакцина алу қарқынын баяулатпаған жөн екендігін атап өтті.



Қалада соңғы тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 1493 жағдай тіркелді

Қаламызда эпидемиологиялық күрделі екенін естіп, көріп отырмыз. Тіпті, баспасөз беттерінде де хабарлаудамыз. Бұның бәрі тұрғындарды вирустан сақтандыру мақсатында істеліп жатқан жұмысымыз.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚЫСҚА...

- Биыл 1 қыркүйек күні 1-сынып оқушыларына Әліппе таратылады.
- Жаңа оқу жылында вакцина алмаған студенттер онлайн оқиды.
- КВИ дертінің өршуіне байланысты «Алматы Марафон» 26 қыркүйекке ауыстырылды.
- 1 қыркүйектен бастап алматылықтардың вакциналану статусы тексеріледі.
- Мегаполисте коронавируспен ауырғандарға психологиялық қолдау көрсетіледі.



AKIMAT LIVE

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

«ASHYQ» ЖОБАСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

ол вирус жұқтырған немесе байланыста болған адамдардың
қоғамдық орындарға баруының алдын алуға,
шағын және орта бизнес жұмысын қалпына келтіруге мүмкіндік береді

(Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда 2 миллион алматылықтардың ішінде 115 мың тұрғынның вирусты жұқтырғаны белгілі болды. Бұл дегеніміз, қала тұрғындарының 5/7 пайызын көрсетеді. Көрсеткіш қала үшін тым көп екендігін байқауға болады. Былтыр ауырған науқастардың биыл да ауырып жатқанын көріп жатырмыз, оның басты себебі, адамдардың «дельта» штамын жұқтырып алуы. Бүгінде қаламызда дельта штамына қатысты КВИ дерті ушығып тұр. Соңғы 7 күн ішінде КВИ-дің симптомды ауруларының үлес салмағы өскен. 10 тамызда коронавирус инфекциясының 1493 жағдайы тіркелді, оның ішінде 1397 жағдай симптомды. Анықталмаған пневмонияның – 7 жағдайы анықталған. Тәуліктік өсім – 1,2%. Репродуктивтілік саны – 1,010 құрайды. Сондай-ақ, бүгінде 11 908 науқас үйде, АМСК мен Телемедицина орталығының мобильді топтарының бақылауында, олардың 539-ы симптомсыз, 10839-ы жеңіл, 251-інің жағдайы орташа ауыр. Стационарлық науқастардың жалпы санынан 1220 науқас инфекциялық стационарлардан шығарылып, амбулаториялық бақылауға және оқшаулануға жіберілді.

Отбасылық іс-шаралар тыйымдалмай отыр

Карантиндік талаптардың дұрыс сақталмауы тек бір адам баласына емес, қоршаған ортасына, жақындарына да кері әсерін тигізіп жатыр. Олай дейтініміз, қоғамдық көліктерде жастардың бетперде таппауы, арақашықтықты дұрыс сақтамауы вирустың өршуіне әкеп соқтыруда. Қаладағы жағдайдың ушығуына қарамастан адамдардың отбасылық іс-шараларды ұйымдастыруы науқастардың санын арттырмайды. Мысалға, 20–39 жас аралығындағы жастар арасында жұқтыру 1,6%-ға жетсе, 15–19 жас аралығындағы жасөспірімдерде 0,4%-ға өскен. Бұл олардың үлкен мобильділігінен және бетперде режимін елемесуінен, өзгелермен жиі байланыста болуынан. Жалпы сыйымдылық қуаты 8910 төсек-орын болатын инфекциялық стационарларда 5474 адам емделіп жатыр, оның ішінде 216-сы – балалар. Ковидті клиникалардағы 228 науқастың жағдайы – өте ауыр, 1575-інікі – ауыр, 3671-інікі – орташа ауыр. ЖИТБ-де барлығы 407 пациент бар, ӨЖЖ аппаратында – 58, инвазивті емес ӨЖЖ аппаратында – 170, High flow аппаратында – 161 науқас ем қабылдап жатыр.

Қазіргі таңда қаламыздың бірқатар мекемелеріне «Ashyq» жобасы енгізілетін болады. «Ashyq» жобасының артықшылығы көп. Бұл өз кезегінде вирус жұқтырған немесе байланыста болған адамдардың қоғамдық орындарға баруының алдын алуға, шағын және орта бизнесінің жұмысын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Мектептер мен балабақшалар «Ashyq» жобасына 100% қосылды

Оқу жылы дәстүрлі форматта басталатындығын ескере отырып, СЭБД мамандарымен бірге мек-



тептердің дайындығы тексерілуде. 20 тамызға дейін кварцтендіру, дезинфекциялау, бетперде режимі мен күнделікті термометриядан тұратын санитарлық талаптарға сәйкестігін тексеру аяқталуы тиіс. Мектептер мен балабақшалар «Ashyq» жобасына 100% қосылған және 1 қыркүйектен бастап осы жүйеде жұмыс жасауға дайын. Жүйе барлық оқу орындарында енгізілген, мұғалімдер, қызметкерлер және ата-аналар да пайдалана алады. Шаһардағы білім беру жүйесінің қызметкерлері, оның ішінде білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы, «Алматы дарыны» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау мен қолдау орталығы, қалалық дене шынықтыру мен спорттың оқу-тәжірибелік орталығы, мемлекеттік балабақшалар мен мектептер, колледждер, интернаттар, қосымша білім беру ұйымдары 100% вакциналанған. Бұл ұйымдарда барлығы 36 825 адам жұмыс істейді, 32 113 адам екпе ектірген. Сондай-ақ, жеке балабақшалардың ұжымдары – 100%, жекеменшік мектептер – 85%, қосымша білім беретін жеке ұйымдар 58% екпе салдырған. Офлайн форматта басталуы тиіс жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылар мен студенттер арасында жұқтырудың алдын алу үшін екпе алу өте маңызды екендігін айрықша атап өткен жөн болар.

Бақытжан Сағынтаев қаладағы эпидемиология жағдайымен таныстырып өткеннен кейін, әдеттегідей, шаһар басшысы мен алматылықтар арасында дәстүрлі сұрақ-жауап үрдісі өрбиді. Қажет кезде эфирге тиісті сала басшылары онлайн қосылды. Қала әкімі тұрғындарды толғандырған сауалдарға жан-жақты, толыққанды жауап берді.

Сұрақ:

– Мен Бостандық ауданының тұрғынымын. Сәтбаев–Жароков, Әуезов–Жандосов көшелерінің төрттігіндегі үйлер қайта жаңғыртыла ма? Реновация бағдарламасына іліге ме? Ілкінен жағдайда құрылыс жұмыстары қай жылы басталады? Мұның аныққанын қай жерден біле аламыз?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Аталған көшелерде (Сәтбаев–Жароков–Әуезов–Жандосов) «2021–2025 жылдарға арналған

тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасына» жататын, пайдалану мерзімі өткен 11 үй бар. Қазіргі уақытта инвесторлар тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қоныс аудару және бұзу мерзімдері туралы қосымша хабарланатын болады.

Сонымен қатар, қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, сіз «Алматы» «ӨКК» АҚ-ның электрондық поштасына (info@spkalmaty.kz – ред.) жазбаша түрде хабарласа аласыз немесе Колл-орталыққа 2810 нөміріне – ұялы телефоннан, + 7 (727) 356-02-80 нөміріне қалалық телефоннан қоңырау шалуға болады.

Бүгінде Алматыда 1400-ден астам екі қабатты ескі үйлер бар. Мұндай тұрғын үйлердің жартысынан көбі Түрксіб, Бостандық және Жетісу аудандарында орналасқан.

Ескі тұрғын үй проблемасын шешу мақсатында 2021 жылы 19 ақпанда Алматыда тұрғын үй қорын реновациялаудың 2021–2025 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Оның шеңберінде жалпы ауданы 2,3 млн. шаршы метр 708 ескі үйді немесе 6637 пәтерді бұзу және 683 үйді немесе 34 605 пәтерді салу көзделген.

Бағдарлама екі тетік арқылы жүзеге асырылады. Біріншісі – жеке инвесторларды тарта отырып іске асырылатын қолданыстағы және жоспарланған реновациялау жобалары. Оның шеңберінде 458 үйді немесе 4057 пәтерді бұзу және жалпы ауданы 1,8 млн. шаршы метр 520 үйді немесе 27 451 пәтерді салу көзделген, оның ішінде 83 үйді реновациялауды әкімдік жеке инвесторлармен бірлесіп және 197 үйді жеке құрылыс салушылармен өз бетінше іске асырады.

Инвесторлармен бірлескен қызмет туралы жасалған 12 шарт шеңберінде 1662 пәтерден тұратын 185 үйді бұзу, жалпы ауданы 637 446 шаршы метр болатын 172 тұрғын үй, 10 652 пәтер салу жоспарлануда. Инвестицияның жалпы сомасы 188,7 млрд. теңгені құрайды.

Ағымдағы жылдың басынан бері инвесторлар өз бетінше және ӨКК-мен бірлесіп 14 ескі үйді (126 пәтер) бұзды. Атап айтқанда: Жетісу ауданында – 68 пәтерлі 8 үй, Түрксіб ауданында – 27 пәтерлі 2 үй, Бостандық ауданында – 31 пәтерлі 4 үй. Сондай-ақ, Түрксіб ауданындағы бір ескі үйді (16 пәтер) бұзу жұмыстары жүргізілуде.

Екінші тетік – 50 млрд. теңге мөлшерінде бюджет қаражатын

тарту есебінен жобаларды іске асыру. Бұл 250 инвестициялық тартымсыз үйді немесе 2580 пәтерді бұзуға және ауданы 500 мың шаршы метр 163 үй немесе 7154 пәтер салуға мүмкіндік береді. Оның ішінде 70 үй қызыл сызықта, 59 үй су қорғау аймағында орналасқан және 143 үй апаттық жағдайда тұр.

Бүгінгі таңда Алматы қаласында сәулет келбетін қалыптастыру және әлеуетті инвесторларды іздеу ережелеріне сәйкес, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді талдау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бейінді министрліктермен бірге реновация жобаларын іске асыру үшін жыл сайын 10 млрд. теңге мөлшерінде қаржы бөлу мәселесі пысықталуда.

Сұрақ:

– Алатау ауданындағы Метростроевская, Усть-Каменогорская, Беломорская және басқа көшелер қашан асфальтталады?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Қалаға қосылған шағынаудандардың инженерлік инфрақұрылымын дамыту аясында соңғы жылдары бірнеше жүз шақырым су құбыры желілері салынды. 2022 жылға дейін қаланың барлық аумағы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етіледі.

Бүгінде қалаға қосылған шағынаудандарда, соның ішінде Алатау ауданында инженерлік желілерді жүргізу жұмыстары жалғасуда. Мәселен, Райымбек көшесінің солтүстігі, Қазақов–Бродский көшесінің батысы, Рысқұлов көшесінің оңтүстігі, Соқпақбаев көшесінің шығысы аумағындағы тұрғын үй массиві үшін су құбыры және кәріз желілерінің құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу мақсатында 2017 жылы 25.08.2019 жылға дейін «КерегетасСомрапу LTD» ЖШС-мен шарт жасалды.

Шарт міндеттемелерінің немқұрайлылығы мен тиісінше орындалмауына байланысты «КерегетасСомрапу LTD» ЖШС құрылыс компаниясы сот шешімімен әкімшілік жауапкершілікке тартылып, мемлекеттік сатып алуға ықпалсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілді.

Жоғарыда аталған мердігерлік ұйыммен жасалған шарт бұзылды. Басталған жұмыстарды өз қаражаты есебінен аяқтау қажеттілігі туралы шағым жолданды. Құрылыс және сот талқылаулары кезінде тұрғындар

уақытша қолайсыздықтарға тап болды. Бүгінгі күні «Алматы Су» МКК күшімен нысанды жыл соңына дейін аяқтау мәселесі қарастырылуда. Тұрғындардан қолайсыздық үшін кешірім сұраймыз.

Сұрақ:

– Жақында Rixos қонақүйінде карантиндік шараларды бұзу жағдайы тіркелген. Онда Орталық синагоганың бұқаралық шарасы өтті. Осыған орай қандай жазалау шаралары жүргізілді?

Жандарбек БЕКШИН:

– Біз Орталық синагогаға қарсы хаттама толтырдық, алайда Rixos қонақүйіне қатысты айтар болсақ, тиісті ауданның мониторингтік тобы заңбұзушылықты растайтын құжаттарды бізге тапсыруы тиіс. Олардан баянаты күтіп отырмыз. Қолымызға құжаттар түскен бойда тиісті шараларды қолға алып, айыппұл саламыз.

Сұрақ:

– Бостандық ауданында Розыбакиев, Штраус, Есқараев пен Радоостовец көшелерінің аумағында б.з.д. V ғасырға жататын Сақ қорғандары орналасқан. Онда әкімдік Сақ мәдениетінің орталығын (аспан асты музей) салуды жоспарлаған болатын. Бұл жоба жалғасын табады ма?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Иә, әрине. Жобалаушылармен біраз түсініспеушіліктер орын алғанымен, эскиздік жоба мақұлданды. Жақында олармен барлық келіссөздер аяқталады деп сенеміз. Келесі жылы жобаны іске асыруды қолға аламыз. Бұл аумақта жаңа үйлер салынып, халықтың саны артты. Келешекте мәдени орталық тұрғындарға арналған қоғамдық орынға айналады деп ойлаймын.

Сұрақ:

– Жетісу ауданы, Воронежская, 16 көшесінде кәріз жүйесін жүргізу үшін жолды қазған болатын. Салдарынан жолдар сол күйінде тұр. Қашан жөндеу жұмыстары аяқталады? Жолға асфальт төселе ме?

Гүлнар КӨКЕБАЕВА:

– Бұл жерде жылдың соңына дейін су жүйелерін өткізу жұмыстары аяқталғаннан кейін жаңа асфальт төселеді. Мердігер компаниялар жұмыстарын уақытылы аяқтайды.

Akimat LIVE бағдарламасын қорытындылаған Бақытжан Сағынтаев тұрғындарды толғандырған сұрақтардың барлығы жауапсыз қалмайтынын, олардың оң шешілуін өзінің тікелей бақылауында ұстайтынын жеткізді. Сонымен қатар, мегаполис басшысы бүгінгіден күрделі кезеңде алматылықтар мен қала қонақтарын өзін-өзі оқшаулау ережелерін қатаң сақтауға шақырды.

Дайындағандар
Серік ЖҰМАБАЕВ,
Динара МҰРАТ,
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Қоғамдық көлікте бетперде режимін бұзғаны үшін 20-дан астам адамға айыппұл салынды

Алматыда эпидемиологиялық жағдай ушығып тұр. Өткен тәулікте мегаполисте коронавирустық инфекцияға ПТР оң нәтиже берген 1492 науқас анықталды. Эпидемиологтердің мәліметі бойынша, қоғамдық көлік – инфекцияны жұқтыратыны негізгі бес орынның бірі (жұқтыру 16,8%) болып табылады. Сондықтан Алматы қаласы аудан әкімдіктері жанынан құрылған мониторинг топтары бетперде режимінің сақталуын бақылау бойынша жұмыс жүргізуде.

Әкімдіктің, жергілікті полиция қызметінің және «Бақылау-тексеру басқармасы» желілік қызметінің қызметкерлерінен құралған мониторинг топтарының өкілдері қоғамдық көлікте бетперде режимін тексеру бойынша іс-шаралар жүргізеді. Мәселен, тәулік ішінде 112-ден астам автобус пен троллейбус тексерілді. Мына автобустарда бұзушылықтар анықталды: №1, 98, 32, 123, 79, 11, 9, 45, 22, 135, 105, 201, 7, 126, 60, 114, 25, 5, 5В,

29, 65, 37, 205, 224, 20, 148, 38, 62, 210, 45, 18. Бетперде режимін бұзған 22 жеке тұлғаға айыппұл салынды, барлық жолаушылар ҚР ӘҚБтК 1-бөлімінің 425-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Коронавирустық инфекцияның алдын алу үшін Алматы тұрғындарын халық көп жиналатын жерлерде, қоғамдық көлікте қауіпсіздік шараларын, бетперде режимін сақтауға шақырады.

Қоғамдық көліктен басқа, мониторингтік топтардың өкілдері қоғамдық тамақтану, дүкендер мен басқа да адамдар көп жиналатын нысандарды тексеруді жалғастыруда. Мобильді топтардың мәліметі бойынша жыл басынан бері 1150-ден астам мейрамханалар, кафелер мен дүкендерде, 171 компьютерлік клубтарда, 21 бильярд клубында, 5 спа-салонында, 31 саунада, 2 кальян залында, 54 караокеде карантиндік шаралардың бұзылуы анықталды. 40 лото клубы, 25 коттедж, онда той және басқа да объектілер орналастырылған.

Белгіленген шектеулерді бұзған 3300-ден астам адам тергеу үшін полицияға жеткізілді.

БЕТПЕРДЕНІ ҚАЛАЙ ТАҒУ ҚАЖЕТ?

Бетперделер түрліше болуы мүмкін. Оларды бір рет немесе бірнеше рет қолдануға болады. 2, 4, 6 сағат тағуға арналған бетперделер бар, үнемі бір бетпердені тағу жарамсыз, себебі, бұл инфекция қауіпін арттырады.

Жұқтыруды болдырмау үшін бетпердені дұрыс тағу өте маңызды:

- бетперденің дұрыс тағылуы, ауыз бен мұрынды мықтап жауып, бос орын қалдырмауы тиіс;
- бетпердені шешкен кезде қолды бетке тигізбеген жөн, қолыңызды сабынмен немесе спиртпен жақсылап жуыңыз;
- бетперде дымқылданса жаңасын ауыстыру керек;
- бір реттік бетпердені қайта қолданбаңыз;
- қолданылған бір реттік бетпердені дереу тастау керек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАУАПСЫЗ ЖОЛ КОМПАНИЯЛАРЫ «ҚАРА ТІЗІМГЕ» ЕНДІ

Алматыда жол сапасы қатаң бақылауда

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында Қала құрылысын бақылау басқармасы басшысының орынбасары Олжас Төлебаев жол салуды сапасыз жүргізетіндер туралы айтты. Олар лицензиядан айырылып, «қара тізімге» енген.



О.Төлебаев Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың жол жөндеу сапасына

бақылауды күшейту туралы тапсырмасы аясында жұмыстарын жауапсыз атқарған жол ком-

панияларының лицензиясынан айырылғанын айтты.

«Жолдарды сапасыз салғаны және реконструкциялағаны үшін ҚР Әкімшілік кодексінің 312-бабы 2-бөлігі бойынша лицензияны қайтарып ал үшін «Алматы-ДорСтрой» ЖШС, «Есік Жолдары» ЖШС және «ДСУ» ЖШС қатысты материалдар мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жіберілді», – деді Қала құрылысын бақылау басқармасы басшысының орынбасары.

Инженерлік желілер салынғаннан кейін жолдарды қалпына келтіруді сапасыз жүргізгендері үшін соттың қаулысы бойынша «Монолит Дизайн 2030» ЖШС, «АГС Пласт» ЖШС, «Сұңқар» ЖШС лицензияларынан айырылды. «Бадимус Строй» ЖШС, «EIS Corporation» ЖШС лицензиялары қаралу үстінде. «Сигма» ЖШС-не қатысты материал соттың қарауында.


Сонымен қатар, «ПМК-7К» ЖШС сот шешімімен теннис орталығын сапасыз салғаны үшін лицензиясынан айырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Жыл басынан бері
Алматыда
инвесторлардың
көмегімен
14
ескі үй сүрілді.



Жыл басынан бері
қалада
125 393 м²
алаңға шұңқыр жөндеу
жұмыстары жүргізілді.



2022
жылға дейін қаланың
барлық аумағы
орталықтандырылған
су жүйесімен
қамтамасыз етіледі.



Шаһарда
2021 жылдың
соңына дейін
34
бағдаршам
орнатылады.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

«ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ»

ағаштарды қажетті
тыңайтқыштармен де нәрлендірмек



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда орманды алқаптар енді «тамшылатып суару» деп аталатын жаңа технология арқылы суарылмақ. Қазіргі таңда аталған шара Алатау ауданына қарасты Қарағайлы орман мен Қайыңды тоғайынан бастау алды.

Орманды алқаптарды нәрлендіруге арналған ұңғыманың тереңдігі 200 метрді құрайды. Ал су сорғышы 130 метр тереңдікте жатыр. Дәл осы ұңғыма арқылы жер астынан тартылған су жанында орналасқан су жинағыш бөшкенің ішіне келіп құйылып, сол жерде су тазартылады. Сонымен қатар, жаңа технологияның ерекшелігі – жасыл желектерге нәр беретін тыңайтқыштарды да қосып, суаруға болады. Өрқайсысының сыйымдылығы 25 текше метр шамасында. Мамандардың айтуынша, бұл құрылғы толық автоматтандырылған. Яғни қосымша жұмыс күшін талап етпейді. Сонымен қатар, бюджеттегі ақшаны да үнемдеуге мүмкіндік береді дейді.

«Тамшылатып суару» технологиясының әр талдың түбіне дейін су жеткізу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, жасыл желектер күніне 2 мәрте автоматты түрде суарылады.

– Су қазір ыстықта көп тұрады. Ауа райының ыстығына бұл өте тиімді, пайдасы тамшылау әдісі болады. Қанша техникалардың орнына мысалы тек қана бір ұңғыма жұмыс жасап тұр. Азғантай жұмысшылармен тиімді жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Барлығы автомат-



тандырылған, уақытында суарылады, уақытында өзі өшеді, – дейді «Қазақ саныраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігі директорының орынбасары Бақытжан Қосжанов.

Алдағы уақытта бұл шаруа оң нәтиже берсе, орман жасыл қалпында сақталып, өзіндік микроклимат қалыптастырады дейді экологтар.

– Бұл су жинағыш бөшектердің ерекшелігі ұңғымадан жиналған суды жылытады. Физиканың заңдылығы бойынша, салқын су ыстық температурада буланып, тез кеуіп кетеді. Ал егер су қайнатылса, онда ол салқын су секілді тез кеппейді. Сөйкесінше, суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Одан бөлек, электр жүйесі өшіп, ток келмей қалса да, осы құрылғымен ары қарай суару беруге болады, – дейді Қалалық қоғамдық кеңес мүшесі, эколог Тимур Елеусізов.

Қазіргі уақытта бұл бастама Алатау ауданына қарасты Қайыңды тоғайында жүзеге асып жатыр. Бұдан кейін Сақ қорғандарындағы жасыл желектер суарылмақ. Ал алдағы уақытта мердігерлер дәл осы жаңа технологиямен суару жұмыстарын Медеу, Жетісу, Наурызбай аудандарында жалғастыруды жоспарлап отыр.



QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Руслан НҮРЛЫБАЕВ,
PhD докторы, ХАА академигі,
«SAVENERGY» ЖШС өндірістік компаниясының
құрылтайшысы және бас директоры:



– Тәуелсіздік ұғымын бостандық деп түсінемін. Бұл дегеніміз, адамның ойының іске асуына үлкен ықтималдылық береді. Бүгінгі күні қаншама елдер бар, не елі жоқ, қаншама ұлттар бар, не жері жоқ, өмір сүріп келе жатыр. Ал еліміздегі жастар Тәуелсіздігіміздің арқасында ешкімнен қорықпастан, тайсалмастан өз ойын тура жеткізе алады. Өз басым, тәуелсіздік жылдары өсіп-жетілген жастардың бірімін. Егемендік алған тұста қазақ мектептерінде білім алдым. Еліміздегі

білікті ЖОО оқу орнына оқуға түсіп, ой-өрісімді, таным көкжиегімді дамыттым. Бүгінде әр мемлекетке ғылыми ысқапармен шыққан сәтімде өзімнің қазақ екенімді, ұлттық салт-дәстүріміздің кең қанат жайып, барша халықты тамсандырып жүргенін көріп, қуанамын.

Сондай-ақ, жалындаған жастарымыздың ғылыми жобалары ұлтымызды ұлықтап, әлем халықтарын таңдай қақтырып келе жатқанын мақтан тұтамын. Қазіргі таңда жасөспірімдердің физика-математика саласына қызығып, әртүрлі робототехникалық құрылғыларды құрастырып жатқанын көреміз. Бұл дегеніміз, 30 жыл ішінде білімнің қарыштап дамығанының белгісі. Еліміздің еркіндігін, азаттығын сақтап қалу үшін өскелең ұрпақ тайсалмай еңбек етіп, ұлттық таным көкжиегімізді дамыту қажет.

Әлия ӘБСЕМБЕТОВА,
«Nur Otan» партиясы қоғамдық
бірлестігінің мүшесі:



– Айтулы мерейтой, әсерге бөлейтін сезім, еліміз үшін, әсіресе, Тәуелсіздікпен бірге өрлеп, бірге есейген біз үшін маңызды дата. Тәуелсіздік тарихына көз жүгіртсек, алдымен балдай балалық шағымыз есімізге түседі. Әсіресе, еліміздің егемендігі жарияланған сәт мәңгі есімде қалмақ. Мен ол кезде жеті жастағы екінші сынып оқушысымын. Үлкендердің жүзіне қарап, отбасымызда үлкен мереке болып жатқанын түсіндім. Бұл отбасымыздың ғана емес, бүкіл еліміз үшін

айтулы мереке екенін ол кезде білмеген едім. Уақыт өте келе, тәуелсіздікпен бірге бойжетіп, оң-солымызды ажырата бастаған кезеңде Тәуелсіздік халқымыздың басына қонған үлкен сый, бақ екенін жүрегімнен ұғына бастадым. Мектеп бітірдік, қалаған оқу орнына түстік, өзіміз ұнатқан мамандығымыз бойынша білім алдық. Үлкен өмірге қанат қақтық. Мемлекетіміз жастарды барынша қолдап, тәуелсіз елдің көшбасшылары болуымызға барынша жәрдемдесті. Мен өз Отанымды, елімді жақсы көремін. Тәуелсіздігіміз мәңгі жарқырап, жайнай берсін.

Қуаныш БЕЙСАҒАЛИЕВ,
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының актері:



– Кешегі күні өз алдына егеменді ел атанып, дамудың даңғыл жолына түсіп, құлашын кеңге сермеген, тарихының өзі тереңнен сыр шертетін Қазақстанның бүгінгі жеткен жетістіктері мен бағындырған белестерін көріп, шүкіршілік етеміз. Себебі, бағзы заманнан бері тәуелсіз ел болуды арман еткен бабалар арманы бүгінде орындалып, бабадан қалған өсиет-мұраны ұлағатты ұрпақ абыроймен атқарып келеді. Тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген жетістіктерге жеттім. Өнерімді дамытып, актерлық мансабымды өрге жетеледім. Кішкентай кезімнен армандаған Әуезов театрында қызмет істеймін. Сондай-ақ, театрымыздың білікті де білімді мамандарынан тәжірибе алмасып келемін, мен үшін бұдан асқан бақыт жоқ шығар, сірә! Тәуелсіз еліміздің тұғыры мықты болғай! Көк Туымыз тек биікте желбіресін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ҚАРҚЫН АЛҒАН МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР

Елді әлемдік пандемия, жаһандық дағдарыс жайлағанымен, құрылыс саласы бәсеңдеген жоқ. Оған дәлел жетіп-артылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы саясатының нәтижесінде ел экономикасының дамуына ықпал ететін құрылыс саласындағы маңызды бағдарламалар кезең-кезеңмен орындалып келеді.

Мәселен, мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы, жол картасы, ғасыр жобасы атанған «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің құрылысы да қарқын алды. Біз бұл мақалада Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына байланысты Қазақстанда қарқын алған маңызды жобаларға аз-кем тоқталғанды жөн көрдік.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Баспаналы болуға мүмкіндік мол

Тәуелсіздік алғаннан кейін біз нарықтық жолды таңдадық. Нарық заңына орай, тұрғын үйдің бағасы қымбаттады. Оның үстіне халықтың ауылдан қалаға үдере көшуі тұрғын үйге деген сұранысты жоғарылattы. Осыған орай, Елбасы «Жаңа Тұрғын үй саясаты туралы» Жарлыққа қол қойды. Сөйтіп, 2008–2010, 2015–2020 жылдарға арналған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарлама аясында мыңдаған отбасы қоныс тойын тойлады. Одан кейінгі екінші бағыт, 40-40-20. Демек, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» 40 пайыз несие береді, екінші деңгейлі банктер 40 пайыз, оны қай банктен алатыныңызды өзіңіз таңдайсыз, ал 20 пайызын өзіңіз жинайсыз. 2021 жылы «Отбасы банкі» тұрғын үйді есепке алуды, қонуды және бөлуді орталықтандырып жүзеге асыратын толыққанды даму және қолдау институтына айналады деп жоспарлануда. Алдағы міндеттерді іске асыру үшін қолданыстағы кезектілік жүйесін әкімдіктерден «Отбасы банкіне» беру және «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығын» құру жоспарлануда. Ол тұрғын үйге мұқтаж барлық азаматтар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін болады. Бұл жағдайда азаматтарға тұрғын үйге мұқтаж мәртебесін растау, кезекке тұру сияқты бірнеше инстанциядан өтудің қажеті болмайды.

– Банктің дамыған инфрақұрылымы, ақпараттық және технологиялық ресурстары азаматтарды, бірінші кезекте халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету процесін жеделдетеді, кезектілікті басқару мүмкіндігін кеңейтеді, тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың тұрғын үй алу рәсімін оңтайландырады. Бұл ретте банк 1,7 млн.-нан астам салымшылар мен 181 000-ға жуық қарыз алушыларға қызмет көрсете отырып, «тұрғын үй құрылыс жинақтары» жүйесі шеңберінде өзінің негізгі қызметін жалғастырады, – деп «Отбасы банк» басқармасының төрайымы Ләззат Ибрагимова атаудың өзгеруіне түсінік берді.

Тұрғын үй мәселесі шешіледі

Тұрғын үй құрылысын дамытудың жаңа 2020 жылғы бағдарламасын жүзеге асыру үшін республика бойынша мемлекеттен қыруар қаржы бөлінді. Шыны керек, егер ешқандай шара қолданбағанда тұрғын үй құрылысының тең жартысы тоқтаған болар еді.

Қазір қарап тұрсак, тұрғын үй бағдарламалары көбейді. Баспаналы болудың мүмкіндігі артып келеді. Мәселен, «5-20-25» бағдарламасы. «5-20-25» бойынша әкімдік кезегінде тұрған әскерилер, мемлекеттік қызметкерлер, бюджет саласының қызметкерлері ипотека рәсімдей алады. Одан кейін «7-20-25» бағдарламасы. Бұл – Қазақстан азаматтарына арналған әлеуметтік

бағдарлама. Оның шарттары «Отбасы банкінің» сайтынан білуге болады. Бұл бағдарлама аясында көптеген банктер жұмыс істейді. Сондай-ақ, жаңа «Баспана хит» бағдарламасы шықты. Бұл – жаңа, сондай-ақ, қолданыста болған тұрғын үйді де сатып алу үшін тиімді ипотекалық бағдарлама. Бағдарламаның негізгі талаптары: 13,75 пайыз жылдық мөлшерлеме, 20 пайыз бастапқы жарна, қарызды өтеу мерзімі – 15 жыл. Атыңызда үй болса да, қарыз рәсімдей аласыз. Бірақ ипотекалық берешегіңіз болмауы шарт. Жаңа емес үйлерден (вторичный рынок) пәтер таңдауға болады. Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Атырау қалаларында 25 млн. теңгеге дейін, басқа аймақтарда 15 млн. теңгеге дейінгі бағада үй сатып алуға мүмкіндік беріледі.

Сонымен қатар, «ЦентрКредит» банкінің «Жас отбасы» бағдарламасы қолға алынды. Бұл ретте үміткер жұбайлардың жасы 35-тен аспауы шарт, 16 пайыз жылдық мөлшерлеме, 30 пайыз бастапқы жарна, қарызды өтеу мерзімі – 20 жыл, өтініш 3 күн ішінде қаралады. Тұрғын үйді Қазақстанның кез келген қаласынан сатып алуға болады. 2021 жылы «Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкі Орталық Азиядағы тұңғыш гендерлік ипотеканы енгізгелі отыр. Ол «Әйелдер ипотекасы» деп аталады. Несиеге берілетін 38 млрд. теңгені «Азия даму» банкі ұсынады. Мөлшерлеме көлемі 12 пайыз болады деп жоспарланып отыр. Ипотека табысы төмен әйелдерге беріледі. Оған қоса, «Бақытты отбасы» бағдарламасы бар. Бұл бағдарламамен әкімдік кезегінде тұрған жандар ғана ипотека рәсімдей алады. Олар көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасылар. Ипотека рәсімдеушілерге әзірше Қазақстандағы ең төмен көрсеткіш – 2 пайыз жылдық мөлшерлеме ұсынылып отыр. Бастапқы жарна ретінде үй бағасының 10 пайызын толтыру және отбасының табыс көзін растау міндетті. Сондай-ақ, отбасылардың атында басқа үй болмауы шарт.

Айта берсек, мұндай бағдарламалар көп. «Әскери баспана», балаларға арналған «Арнау» депозиті, «50/50», «Орда» ипотекасы, «Өз үйім» бағдарламалары жүргізіліп келеді. Мұны іс жүзінде жүзеге асыруға мемлекеттің мүмкіндігі толық жетеді. Егер біздің экономикамыз мұны алып кете алмаса, бастамас еді. Қазынамызда қаржы болмаса не істер едік? Сондықтан осындай бағдарлама жасап шығарды. Жаңа бағдарламаның бұл бағыттары бойынша елімізде 6 млн. шаршы метр пәтер салынады. Осылайша жобамен 350 мың отбасын немесе 1 миллиондай адамды баспанамен қамтамасыз ете алатындай әлеует бар. Көптеген жұмыс орындары ашылады. Міне, бұл мемлекет жасап жатқан үлкен мүмкіншілік деп есептеу керек. Осы қарқынмен дамитын болсақ, келешекте тұрғын үй мәселесі шешілетін болады.

Көңілден шыққан бағдарлама

Дүниежүзілік қаржы дағдарысы алқымнан алған тұста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қызметкер-

лерді жаппай қысқартудан сақтап қалу үшін «Жол картасы» бағдарламасының пайда болуына ықпал етті. Қазіргі таңда «Жол картасының» дағдарыс кезінде елімізге айтарлықтай көмегі тигенін байқап отырмыз. «Жол картасы» бағдарламасы бойынша ел өңірінде Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін реконструкциялау жөнінде 862 жоба іске асырылып, 737 шақырым электр желісі, 1029 шақырым сумен жабдықтау желісі, 284 шақырым жылу трассасы, 4793 шақырым автожол, 3657 мектеп пен аурухана, сондай-ақ, 368 мәдениет пен спорт нысаны жөнделді. Жол картасын және экономиканың болашақ сұранысын іске асыру үшін 100 мыңнан аса қазақстандық тегін, мемлекет есебінен екінші мамандық алды, неше түрлі қайта даярлау курстарынан өтті. Осының нәтижесінде 320 мың жаңа жұмыс орны ашылды. «Біз бұл бағдарламаны тоқтатпаймыз, әлі де жалғасын табады. Бірақ енді бағдар өзгеріп, аудан-ауылдарда шағын, кішігірім өндірістер ашылуға тиіс. Ендігі негізгі басымдық шағын өндірістерді ашуға жұмсалып», – деді Мемлекет басшысы. Осы ретте «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы қолға алынып, табысты жүргізілуде. Бұл қарқынмен жүре берсек, әлі талай жетістіктердің куәсі боларымыз анық.

Ғасыр жобасы

Ғасыр жобасы атанған «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің құрылысы – еліміздегі және әлемдік ауқымдағы ірі жобалардың бірі. Оның құны 825 миллиард теңге деп бағаланып отыр. Керуен жолының Қазақстан бойынша жалпы ұзындығы 5126 шақырымды алып жатыр. Көпшілік жаңа жұмыс орындарының ашылғанына, сырттан тартылатын инвестицияның көбейгендігіне қуанып отыр. Бұл жоба экономикамызға тың серпіліс береді. Біріншіден, жолымыз жақсарады. Шет елді айтпағанның өзінде, өз ішіміздегі жүк тасымалы дамиды. Жолды қайта салу барысында жергілікті халық жұмыспен қамтылады. Екіншіден, қызмет көрсету сервисі жоғарылайды. Жол бойында мейрамхана, қонақүй, көлік жөндеу орталықтары ашылып, шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етеді. Сол арқылы салықтан бюджетке қаражат түседі. Үшіншіден, жол ақылы болып, ол жол сапасының бұзылмауына себепші болады.

P.S.: Қазақстанның құрылыс саласы одан әрі дами бермек. Елдің бірлігі, татулығы нығая берген сайын оның экономикасы көтеріліп, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсара беретіні сөзсіз. Ахуалымыз жақсарса, дамыған елдер қатарына қосылу қиындық тугызбайды.



МЕЙІРІМ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» қайырымдылық шарасы басталды



Рая
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ең ірі қалалары мен облыс басшыларына арнайы тапсырма беріп, жас ұрпақтың білім алудағы Конституциялық құқығын қамтамасыз етуге шақырды.

Осы ретте мұқтаж және көпбалалы отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы биыл да бастау алды. Осыған орай, қазір барлық білім басқармалары мен оқу бөлімдері осынау іс-шараға үн қатып, қолдау көрсету үшін түсіндіру жұмыстарына белсене кірісіп кетті.

Аталмыш акцияның 2007 жылы Елбасымыздың бастамасымен қолға алынып, бастау алғаны белгілі. Осы жылдар ішінде қаншама бала қайырымды жандардың арқасында қатарынан қалмай, мектеп партасына отырды, қолына қалам ұстап, қара таныды. Қайырымдылық шарасының шапағатын көрген балалардың алды бүгінде азамат атанды. Қайырымдылық шарасы биыл да жалғасын тауып, «Жүректен – жүрекке!» деген ұранмен басталды. Акцияның мақсаты – жомарт жандардың көмегімен жиналған қаржыны әлеуметтік жағынан аз қамтылған, ата-ана қамқорлығынан тыс қалған, көпбалалы отбасы балаларына көмек ретінде жұмсап, олардың әлеуметтік себептер салдарынан мектепке бара алмай қалуының алдын алу.

АЛЬПИНИАДА

9 ШЫҢҒА – 9 АТАУ

жастар жақсы
бастама көтерді



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Іле Алатауындағы таулардың атауы жоқ тау шындарын Әлия Молдағұлова мен Қасым Қайсенов сияқты Қазақстанның белгілі тұлғаларының құрметіне атау ұсынылды.

Идеяның бастамашылары – Алматы қалалық Қорғаныс басқармасы мен Ұлттық қауіпсіздік шекара қызметінің қолдауымен «Киров» әскери-патриоттық клубында оқитын ҚР Қорғаныс министрлігінің «Жас сарбаз» қозғалысының балалары. Олар Алматы тауларында атауы жоқ 9 шыңды атап көрсетіп, биік қыраттарға Екінші дүниежүзілік соғыс батырларының және басқа да танымал қазақстандықтардың есімін беру туралы ұсыныс енгізді.

«Біз Әлия Молдағұлованың шыңы жоқ екеніне таңқалдық. Балалар маған осындай сұрақ қойған кезде абырап қалдым. Шынымды айтсам, не деп жауап берерімді білмедім. Бастапқыда «бұлай болуы мүмкін емес» деп ойлады. Біз шындардың атауын іздестіре бастадық. Алайда, батыр қызымыздың атында бірде-бір шың жоқ екеніне көзіміз жетті. Сондықтан шындарды осындай тұлғаларымыздың есімімен неге атамасқа деген ой келді», – дейді клуб жетекшісі Бақытжан Перімбетов.

Сондай-ақ, сарбаздар шындарды Хиуаз Доспанова, Әлия Молдағұлова, Қасым Қайсенов, Димаш Құдайбергенов және басқа да көрнекті тұлғалардың құрметіне атау керектігін айтады.

Енді сарбаздар клуб жетекшісімен бірге атауы жоқ 9 шыңға апаратын маршруттар орнатуда. Жастар армиясының бастамасымен жүзеге асып жатқан шараға үн қосқан Алматы әскери комиссариаттары мен мектептері әр шыңға орнатылатын тот баспайтын болаттан жасалған табақтарды орналастыруға көмектесетін болады.

АБАЙ ӘЛЕМІ



Динара
МҰРАТ

Алматыда Абай күні аталып өтті. Осыған орай, ұлы ағартушының Республика сарайы алдындағы ескерткішіне гүл шоғы қойылды.

Аталмыш шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев қатысып, құттықтау сөз айтты.

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Абайдың баға жетпес мұрасы қазақтың ұлттық мәдениетіне зор ықпал еткенін атап өтті. Оның еңбектері бүгінгі күнге дейін шаһарымыздың, бүкіл елдің қоғамдық және мәдени өмірінің бағыттарын айқындап отыр.

Осыған дейін ұлы ақынның нақты қай күні дүниесінен ашқаны жайлы біраз кереғар пікірлер орын алған. Оның себебі, ақын ескі күнтізбе бойынша 10 тамыз күні туған болатын. Бір жыл бұрын ғана Қазақстан Жазушылар одағы осы даудамайдың нүктесін қойып, үкіметке ұсыныс білдірген. Нәтижесінде 10 тамыз күні Абай күні аталып, бүкіл халықтық мерекеге айналып отыр.

«Ресми мойындалған мереке болғандықтан, қазір қай қала, қай облыс орталығы болсын, барлық жерде Абай ескерткіші алдына гүл шоғы қойылып, мереке аталып өтіп жатыр. Барлық ғылым мен білім, мәдениет ошақтарында Абайға қатысты іс-шаралар жүргізілуде. Абай – тұңғыш терең құбылыс. Оны біз толыққанды зерттедік деп айта алмаймыз, бірақ былтырдан бері осы бағытта біраз ауқымды жұмыстар қолға алынды», – деді Ұлықбек Есдәулет.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ақынның айтуынша, пандемия басталғалы бері барлық бұқаралық шараларға тыйым салынғандықтан, Абай атамyzдың туған күнін әдеттегідей жұртты жинап, өлең оқытып, дүркіретіп өткізуге мүмкіндік болмады. Дегенмен, Алматы қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен бүгінде 50-ден астам онлайн мәдени шаралар ұйымдастырылып, 2 байқау өткізілуде.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов осындай қиын-қыстау кезеңде де ұлы тұлғаларымызды ұмыт қалдырмай, ең болмағанда рухына тағзым ету игі іс екенін алға тартты.

«Абай шығармашылығын бала кезден оқып, әлі күнге дейін зерделеп келеміз. Ол – жылдар тоғысында маңыздылығын жоғалтпайтын асыл мұра қалдырған ұлы тұлға. Қандай заман болмасын, халық көшбасшыларын ұмытпай, олардың сіңірген еңбектерін елеп, еске алу – ұлт

міндеті. Бүгін де сол үшін жиналып отырған жайымыз бар», – деді Ақан Бижанов.

Шарада қалың қаламгерлер қауымы бас қоспа да, жиналған жандар барша қазақ жұртын осынау мерекемен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, белгілі ақын Бақыт Беделханның айтуынша, Абай күні – қазақ халқы үшін маңызды әрі рухани мереке.

«Бүгін – Абай күні. Абай күні деп алты Алашқа жар салып тойлаудың бүкіл ел үшін рухани бақыт екенін сезінеміз. Биыл айтулы мерекені екінші рет тойлап отырмыз. Абай күні барша қазақтарға құтты, берекелі, жақсы күндердің бірі болсын деп тілеймін. Міне, бүгін де Абай атамyzдың ескерткішіне келіп, еске алып, гүл шоғын қою арқылы рухына тағзым жасадық», – деді Бақыт Беделханұлы.

«Қара сөз» Бельгия асты



Әсел
ДАҒЖАН

Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Елшілігі Абай күнінде елдегі ең ірі Корольдік кітапхана қорына ұлы ағартушының француз тіліндегі «Қара сөздер» жинағын табыс етті.

Сондай-ақ, бельгиялық тарапқа қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абайдың өмірі мен атакты бельгиялық ақын Гидо Гезелл мұрасына ұқсас құндылықтары туралы ақпарат ұсынылды.

Қазақ ақынының француз тіліндегі «Қара сөздері» Брюссель муниципалды кітапханалары мен мектептеріне сыйға тартылды.

Бельгия корольдік кітапханасы 1837 жылы құрылған және елдегі ең үлкен кітапхана болып табылады. 17 қабатты кітапханада 6 миллионнан астам том кітап бар.

Үш онжылдық бойы Қазақстан мен Бельгия арасындағы ынтымақтастық көптеген бағыттар бойынша, соның ішінде мәдениет пен әдебиет саласында қарқынды дамып келеді. Осы жылдың маусым айында Брюссельдегі музыкалық аспаптар музейінің қорына қазақтың музыкалық аспаптары – домбыра, қобыз және сыбызғы берілді.

Биыл 25 тамызда қос тарап дипломатиялық қатынастардың орнағанына 29 жыл толуын атап өтеді.

«Бес нәрсеге асық бол»



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Абай күнінде Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 түзеу мекемесінде де ұлы ақынға арналған онлайн іс-шара өтті.

Дәлірек айтсақ, Алматы қалалық «Жас Отан» жастар қанатының үйлестірушілері осы мекемеде жазасын өтеп жатқан балалар арасында ZOOM жүйесі арқылы «Бес нәрсеге асық бол» атты конференция ұйымдастырды. Онда Бейбарыс Зарипов колониядағы жасөспірімдерді Абайдың өмірбаянымен таныстырып, оның ғибратты сөздерінің мән-мағынасын ашатын әңгіме өткізді. Сондай-ақ, ол ақын өмірінен түрлі деректерге қанықтырып, сұрақ-жауап тәсілімен балалардың Абай туралы дүниетанымын арттырды.

Өз кезегінде ЛА-155/6 түзеу мекемесінде жазасын өтеп жүрген жасөспірімдер Абайдың өлеңдерін жатқа оқып, өнерлерін ортаға салды. Жас әнші Тұрар Дүйсекеш Абай Құнанбаевтың сөзіне жазылған әндерді орындап, кешке қатысушылардың көңілін бір серпілті.

Абай шығармалары да жазалы балалардың өміріне бағдаршам болып, олар жамандыққа емес, тек жақсылықтарға асық болып жүреді деп білеміз.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қалалық Полиция департаментінің қызметкерлері «Сергектің» қандай ереже бұзу фактілерін тіркейтінін түсіндірді.

Polisia.kz сайтында жарияланған мәліметке сүйенсек, интеллектуалды бейнебақылау жүйесі қиылыстың тура алдында жолақты қиып өтсеңіз, stop-сызықтан асып тоқтасаңыз, автобуска арналған жолақпен жүрсеңіз, әрекетіңізді түсіріп алып, ереже бұзу фактісі ретінде тіркейді.

«Сондай-ақ, «Сергек» камералары жылдамдық режимінің асып кетуін, көлік құралдарының бағдаршамның қызыл сигналына өтуін және дұрыс емес жерде тоқтауын анықтайды», – деп жазады Polisia.kz.

«Сергек» қашан да сергек



Сонымен қатар, ведомство түсіндірмесінде көлік иелеріне жолданатын электронды айыппұл түбіртегіне фактіні рәсімдеген қызметкер ЭЦҰ арқылы қол қоятыны айтылған.

«Бұдан әрі ереже бұзу туралы нұсқама көлік иелеріне екі тәсілмен – SMS және пошта арқылы келеді. Құқық

бұзушы айыппұл туралы хабарлама алғаннан кейін 7 күн ішінде соманың жартысын төлей алады. Ерікті түрде төлемеген жағдайда, хабарлама алған сәттен бастап 30 күн өткен соң материал ҚР Әкімшілік құқық бұзу туралы кодекстің 894-бабы бойынша мәжбүрлеп өндіріп алуға жіберіледі», – дейді әкімшілік полиция басқарма басшысы Нұрлан Аманбек.

Оның айтуынша, ереже бұзу фактісінің хаттамасымен Egov.Kz және Qamqor.gov.kz. ресурстары арқылы таңысуға, айыппұлдарды өзіңізге ыңғайлы тәсілмен төлеуге болады. Мәселен, электрондық үкімет порталындағы онлайн банктендіріп есеп айырысу-кассалық бөлімшелерінде, мобильді қосымшалар арқылы (Kaspi.kz, HalykBank, Kassa24, Handyapp, Homebank, Қазпошта, Колеса) өтеуге болады. Айыппұлдан алынған қаражаттың бәрі қала бюджетіне түседі.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Екпе салдыру – бүгінгі тығырықтан шығатын жалғыз жол

**Ақан БИЖАНОВ,****Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы:**

– Вакцинация – қазіргі таңда ең бірінші қажеттілік. Шыны керек, күллі әлем ойшылдары, медицина майталмандары, озық ғалымдар әлі күнге дейін ХХІ ғасыр індетіне төтеп беретін амал ойлап тапқан жоқ. Сондықтан екпе салдыру – бүгінгі тығырықтан шығатын жалғыз жол. Оны өзге елдердің тәжірибесі дәлелдеп отыр. Мысалы, Израильді алайық. Онда халықтың 80%-дан астамы екпе алды. Нәтижесінде қазірдің өзінде бетперде режимін тоқтатып, өзге карантиндік шектеулерді азайтып жатыр. Өйткені, Израиль үкіметімен бүкіл халық індетке дер кезде жұмыла қарсы тұрды. Менің ойымша, осындай өзге елдер тәжірибесіне зер сала келе, біз де азаматтық жауапкершілік танытып, екпе алуымыз қажет.

Бұл – тұрғыда бар қазақстандыққа, алматылықтарға артылып отырған үміт үлкен.

Жалған ақпаратқа жол бермейік!

**Сапар РАХМІШЧЕВ,****Алматы қаласы Психикалық денсаулық орталығының директоры:**

– Біздің орталықта қайтадан инфекциялық 350 төсек-орын ашылды. Осыған дейін 864 науқас келіп түссе, олардың 435-і жазылып шықты. Қалғандары ем қабылдап жатыр. Түсіп жатқан науқастар арасында осы уақытқа дейін қатерлі індеттің барына сенбей, оның бәрі жалған деп келген адамдар болды. Тұрғындар арасында фейкке және әлеуметтік желіде жазылған дәлелсіз жазбаларға сенетіндер көп, бұл өте өкінішті. Дегенмен, бізде емделіп жатқандардың ойы өзгеріп, жазылып шыққан соң міндетті түрде вакцина салдырамын деп отыр. Яғни індетке қарсы тұра алатын вакцина екеніне көздері жеткен. Қазір

реанимация бөлімінде 12 науқас жатыр, олардың барлығы вакцина алмаған. Көпшілік вакцинадан кейін ауырғандарын айтып жатады. Ол адамдардың вакцина алмас бұрын оның әсері жайлы көп ойлап, жалған ақпараттарға көбірек иек артатындығынан.

Яғни вакцина алып келген соң «дене қызуым қашан көтеріледі, басым қашан ауырады» деп күтіп отыратындар да жоқ емес. Вакцина алардан бұрын ондай жаман ойдан ада болу керек, сонда ол еш әсерсіз өтеді. Қазір бұл індетті жеңетін әдіс екпе алу болып отыр, сондықтан тұрғындарды вакцина алуға шақырамын.

Бәрі ұйымшылдыққа байланысты

**Бақытжан АҚЖАРОВ,****Түркісіб ауданының әкімі:**

– Біздің аудан емханаларына 247 мың адам бекітілген, 148603 адам вакциналауға жатады, оның ішінде бүгінде 101 206 тұрғын екпе алған. Алайда, бұл ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Ауданда вакцина қоры жеткілікті, 23 егу пункті жұмыс істеп тұр, 34 бригада мен 163 медицина қызметкері жұмылдырылған. Біздің дәрігерлер коронавирусқа қарсы вакцина алудың барынша қолжетімді және ынғайлы болуы үшін бәрін жасауда. Мен баршаңызды екпе салдыруға шақырамын. Алматы тұрғындарының жауапкершілігі мен ұйымшылдығы жоғары болған сайын адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтап қала аламыз.

Жылжымалы бригада барынша белсенді

**Гүлнәр ҚАТИБАЕВА,****«Қазақстан рестораторлары клубы» қауымдастығының президенті:**

– Алматыда эпидемиологиялық ахуал өршіп тұр. Күніне 1,5 мыңнан астам жағдай тіркеледі. Метрополисте вирус жұқтырғандардың 17,7%-ы кәсіпорын (ЖШС, ЖК, АҚ) қызметкерлері. Біз рестораторларды толық вакциналануға шақырамыз. Екпе алғандар 80%-ды құрайды. Бізге қала әкімдігі белсенді қолдау көрсетті, екпе салатын жылжымалы бригада берді. Бригада мекемелерге барып екпе салуда, вакцинаның маңызын жете түсіндіруде. Сондықтан мен әріптестерімді міндетті түрде екпе салдыруға, соның арқасында еш шектеусіз жұмыс істеуге шақырамын.

Вакцина өзіңізді ғана емес, жақындарыңызды да коронавирустық инфекциядан қорғайтынын ұмытпайық.

Әзірлегендер
Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Динара МҰРАТ.

Тіркеу ережесі өзгерді

ҚР Денсаулық сақтау министрі 2020 жылғы 13 қарашадағы «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Жеке тұлғалардың емханаға тіркелуі оларға ТМККК (тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін) аясында және МӘМС (міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру) жүйесінде жеке сәйкестендіру нөмірі арқылы алғашқы медициналық-санитарлық көмекті алуға мүмкіндік береді.

Бұйрықта көрсетілгендей, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында азаматтарға ұсынылатын алғашқы медициналық-санитарлық көмек ел азамат-

тарымен қатар қандастарға, босқындарға, шет ел азаматтары мен Қазақстанда тұрақты тұратын азаматтарға келісім-шарт аясында көрсетіледі.

«Жеке тұлға емханаға немесе медициналық орталыққа тіркелген кезде осыған дейінгі медициналық қызмет алған мекемеден автоматты түрде шығарылады» делінген бұйрықта.

Сондай-ақ, азаматтарға емхананы таңдау мүмкіндігі беріліп, тұрақты және уақытша мекенжай бойынша сол емханаға тіркеле алады. Сол сияқты, азаматтар емханаға «Электронды үкімет» веб-порталы арқылы өтініш беріп, өздігінен тіркеле алады. Емхана азаматтарға қатысты жеке мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Нұр ЖАМАЛ.

НАУҚАСТАРДЫҢ 98%-Ы – ЕКПЕ АЛМАҒАНДАР

**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен өткен КВИ-дің таралуын болдырмау жөніндегі қалалық жедел штаб отырысында ковидтік стационарлардағы, жедел жәрдем мен МСАК-тағы жүктемелердің өсуіне байланысты ауруханаға уақытылы жатқызу және емделу тиімділігін арттыру мәселелері қаралды.

Алматы эпидемиологтерінің мәліметінше, 28 шілдеден бастап КВИ-ді бір күнде жұқтырғандар саны 1,5 мыңнан асқан. Шілдеде 25,5 мың жағдай тіркелген, ал жыл басынан бері 95 мың адам ауырған. Сондай-ақ, эпидемиологиялық симптоматикалық пациенттер үлесінің 94%-ға дейін өсуімен алаңдатып отыр.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек пен жедел жәрдем қызметтеріне жүктеме артты. Бүгінде 11632 пациентті МСАК мен Телемедицина орталығының мобильді топтары үйлерінде бақылауда. Бұл көрсеткіш те өсуде. Осыған байланысты қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қалалық

бас дәрігерлерінің қатысуымен онлайн форматта кеңес өткізді. Онда қала тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасы мен жекеменшік медициналық ұйымдарға бекітілген тұрғындарды вакциналау қарқыны талқыланды.

Бүгінде Алматыда МСАК-тың 35 жеке жеткізушісі бар. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында жүргізілген қызметтің талдау нәтижелері бойынша жеке медициналық-санитарлық көмек көрсететіндердің жұмысына қатысты түскен шағымдар 3,5 есеге артқан. ӘМҚК атап өткендей, жеке медициналық ұйымдарда тіркелген халықтың аздығына қарамастан, шағымдардың үлесі жоғары. Осыған байланысты медициналық қызмет көрсету сапасының нашарлауын болдырмау үшін медициналық қызметтерді тұтынушылардың шағымдарының негізділігін растау үшін материалдар Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне жіберіледі.

Қазіргі уақытта 22 жеке медициналық-санитарлық көмек көрсетуші өз өндірістік базасында вакцинация жүргізеді, қалғандары



Қоғамдық денсаулық басқармасына КВИ жұқтырған науқастарды МСАК деңгейінде үйде емдеуге арналған медициналық қызметтің тиімділігі мен сапасын арттыруды жүктеді. Сондай-ақ, өлім-жітімді азайту үшін ковид ауруханаларының реанимация және интенсивті терапия бөлімшелерінде жедел жәрдем жұмысын және жедел жәрдем көрсетуді күшейту тапсырылды.

Е.Бабақұмаров сонымен қатар, Қоғамдық денсаулық басқармасына медициналық ұйымдарға жүктемені бөлудің жедел жоспарын дайындауды міндеттеді. Бүгінде індет көбірек жұғатын жерлер сауда нысандары, азық-түлік сауда желілері мен аула ішіндегі дүкендер болып тұр. Қоғамдық көліктерден жұқтыру дерегі көңілді алаңдатады.

Сондай-ақ, қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысы Н.Табынбаевтың, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Ж.Бекшиннің, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы филиалының басшысы Т.Әбілдаевтың және жеке медициналық мекемелердің

егу бөлмелерін ашу бойынша жұмыс жүргізуде. Вакциналаудың оң көрсеткіштері Алматы теміржол ауруханасы, Open Medical Chanel ЖШС, Керуен-Медикус, «Архимедес» ЖШС жұмысында байқалды. №55 емханасы, «Сұңқар II емханасы» ЖШС, «Med Lab express» ЖШС және басқалары вакциналау қарқынын тездетуі қажет.

«Бүгінде Алматыда вакциналау қарқынының деңгейі тәулігіне 8,5 мың. Сонымен қатар, инфекцияны жұқтыру көрсеткіші өсіп барады. Емдеуге жатқызу деректері 700 жағдайдан асады. Қала тұрғындарының өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету үшін COVID-19-ға қарсы вакцинамен қамтуды кеңейту үшін бірлесе жұмыс істеу қажет. Коронавирустың басқа респираторлық инфекциялармен қабаттасуын болдырмау үшін ұжымдық иммунитетті қалыптастыру әсіресе ЖРВИ және тұмау маусымының алдында маңызды», – деді Е.Бабақұмаров.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бүгінде реанимациядағы науқастардың 98%-ы – COVID-19-ға қарсы вакцина алмағандар.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Алмаз ШАРМАН,
дәрігер, Профилактикалық медицина академиясының президенті:



– Індетке қарсы шараларды жеңілдетуге коронавирусқа қарсы екпе жасатып қана қол жеткіземіз. Өкінішке қарай, Қазақстан азаматтарының 80 пайызы вакцинаның қажетті дозасын алған жоқ!

Көптеген адамдар популисттердің айтқанына еріп жүр. Олар вакцинацияға қарсы әрекеттерімен жақсы табыс табуда. Алайда, «калай?» деген заңды сұрақ туындайды. Мұндайлар вакциналардың қауіпсіздігіне күмән келтіре отырып, шындықты анықтауға тырыспайды, біртөкпей, тек біржақты баға береді. Айналада қарама-қайшы ақпарат көп болған кезде денсаулығыңызға қатысты ұғымды шешім қабылдау оңай емес.

Мен баршаңызды вакцинация туралы ойдан шығарылған және негізсіз қауесеттердің орнына ғылыми шындыққа сенуге шақырамын.

Бақыт БЕДЕЛХАН,
акын, драматург:



– Вакцина алмай бұл індетті жеңе алмаймыз. Соны түсіну керек. Осы 2 жылдың өзінде Қазақстан Жазушылар одағынан қаншама қаламгерлер елдің қабырғасын қайыстырып, шахид болып жатыр, фаниден бақиға озып жатыр.

Екпе алудың маңызын түсіну қажет дегенді білдіреді. Вакцина алған адамдар мүлдем ауырмайды екен, оған жұқпайды екен дейтін дүние емес, бірақ соған қарсы күресе алатын күштің бірден-бірі болып тұрғанын түсінсек деймін. Мен барлық жастарды, қала тұрғындарын вакцина алуға шақырамын. Өйткені, бұл өте маңызды мәселе.

Әрқайсымыз өзімізді, жақындарымызды қорғап қаламыз десек, міндетті түрде вакцина алуымыз қажет.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

БІР ҮЙДЕН 3 АДАМ КӨЗ ЖҰМҒАН

ҚАЗАҚСТАН Денсаулық сақтау министрі А.Цой елімізде «Pfizer» екпесі аяғы ауыр әйелдер мен балалар үшін қолжетімді болатынын айтты. Бұл туралы Coronavirus2020.kz Telegram-каналындағы видеода жарияланды.

«Бастапқы кезеңде, қазан айында «Pfizer» вакцинасы тек балалар мен жүкті әйелдерге қолжетімді болады. Сондықтан бұл вакцина- ны көп күтудің керегі жоқ, қазір барып екпе жасата берген жөн. Бір апта ішінде бізде тағы

музей, бассейн, спортзалдар мен қоғамдық көлікке кіруіне жағдай жасаған.

Полицейлер 30-дан астам Telegram каналды бұғаттаған. Вакциналау туралы куәлік 160 еуроға (бізше шамамен 80 мың теңге) сатылған.

СОЧИ жеріне вакцина алмай келген демалушылар айыппұл төлейді. Қонақүйге тоқтар алдында туристер алдымен вакцина- лау паспортын көрсетуі тиіс. Егер ондай



бір вакцина болады, оны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдаған. Осы орайда бұл вакцинаны да салдыру мүмкіндігі болады», – деді министр.

АҚШ мемлекетінде ковидке шалдыққан балалардың саны күн өткен сайын артып барады. Жергілікті дәрігерлердің айтуынша, жағдайдың бұлайша ушығуына вирустың «дельта» штамының етек жаюы себеп. Иә, індеттің өзге штамдарына қарағанда бұл түрімен көбінесе балалар ауырып жатыр. Пандемия басталғалы балалар ауруханаларында науқас бүлдіршіндердің саны алғаш рет көбейіп кеткен. Әсіресе, Техас пен Флоридадағы ахуал күрделі.

АВСТРАЛИЯ жеріндегі Уэльс штатына қарасты Тамворт елдімекенінде қатаң карантин жарияланды. Мамандар ауылды жерге вирус 7 апта бойы карантинде болған Сидней қаласынан келді деп болжап отыр. Науқастардың басым бөлігі «дельта» жұқтырған. Локдауннан аймақ экономикасы 1,5 трлн. доллардан қағылуы мүмкін. Билік өкілдері екпе егу науқанын жеделдету керек деген талап қойды. Сиднейдегі жоғары сынып оқушылары да екпе қабылдай бастады.

ИТАЛИЯ полициясы ковидтік «жасыл куәліктерді» қолдан жасап, сатып келген қылмыстық топты құрықтады. Алаяқтар Telegram әлеуметтік желісін пайдаланған. Олар вакциналау туралы куәліктен басқа, тестінің теріс нәтижесін және антиденелердің бар екендігін айғақтайтын жалған құжаттарды рәсімдеп, адамдардың мейрамхана,

төлқұжаты болмаған жағдайда 3 күннің ішінде екпе салдыруға тиіс. Әйтпесе, әкімшілік жазаға тартылады. Екпеден тек 15 жасқа дейінгі балалар босатылған. Ал 15-тен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде 72 сағат ішінде тапсырылған ПТР-тесттің нәтижесі болуы керек.

ПОРТУГАЛИЯ елінде бір апта ішінде коронавирустан бір отбасы қайтыс болған. Шет ел ақпарат көздеріне сүйенсек, ерлі-зайыпты мен олардың ұлы коронавирусқа қарсы екпе салуға қарсы болған. Үшеуі де коронавирус жұқтырып, бір апта ішінде көз жұмған.

ПЕНТАГОН билігі келесі айдан бастап барлық әскери қызметкерге коронавирусқа қарсы екпе егіле бастайтынын хабарлады. Себебі, олардың арасында да вирус жұқтырғандар мен ауруханаға түскендердің қатары артқан. Жоспар бойынша 1 млн. 300 мың жасак вакцина қабылдамақ.

Мамандар қарулы күштер қатарында жүргендерге «Pfizer» мен «BioNTech» препаратын енгізбек.

ФИЛИППИН астанасы Манилада локдаун жарияланды. Бұған «дельтаның» күрт өршуі себеп болып отыр. Шектеу шаралары 20 тамызға дейін жалғаспақ. Осы уақыт аралығында тұрғындар үйлерінен тек азық-түлік алуға және ауруханаға ғана шыға алады. Қала сыртында блок-бекеттер орнатылған. Айта кетер болсақ, ел астанасында осымен 3-ші мәрте қатаң локдаун жарияланып отыр.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

Бесінші екпе қолжетімді



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыға қытайлық Sinopharm компаниясы әзірлеген «Vero Cell» вакцинасының алғашқы 1 млн. дозасы жеткізілді.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайдың тұрақсыздығына байланысты ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасы негізінде Бейжің биологиялық өнімдер институты әзірлеген «Vero Cell» вакцинасының 4 млн. дозасын алуға келісім-шарт жасалған. Sinopharm компаниясының «Vero Cell» вакцинасы ҚР-ның барша азаматтарына қолжетімді болатын бесінші екпе ретінде тіркелді. Вакцинаны стикерлеу рәсімі аяқталғаннан кейін ҚР ДСМ КСК рұқсат қағазына сәйкес жедел тәртіпте еліміздің өңірлеріне жіберілетіндігі мәлім болды.

«Алғашқы 1 млн. дозаны жеткізу ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы «СК-Фармация» тапсырысы бойынша екі рейспен жүзеге асырылды. Алғашқы рейс Алматыға 10 тамыз күні сағат 12.30-да Boeing 767 жартылай жүк ұшағының бортында келді. Екінші рейс 11 тамызда, сағат 13.20-да жеткізілді. Жалпы салмағы 20 тонна медициналық жүк 72 сағатқа дейін логис-



тикаға мүмкіндік беретін 2°C-тан 8°C-қа дейінгі температуралық режимді сақтай отырып, термо-контейнерлерде тасы-малданды», – дейді Air Astana әуеком-паниясының баспасөз қызметі.

Sinopharm ДДҰ-мен 2021 жылдың 7 мамырында адамзат баласына қолдануға мақұлданған. Вакцина белсенді емес, екі дозалы. Сақтау мерзімі – 24 ай. Екпе қауіпсіздігімен тиімділігі жағынан алғашқы орындардан көрінгенін атап өткен жөн. Себебі, бұл препаратты 45 елде ересектерге вакцинациялауға рұқсат етілген болатын. Бүгінгі таңда Қытай, БАӘ елдері «Vero Cell» вакцинасын 3 пен 17 жас аралығындағы балаларға шұғыл қолдануды мақұлдаған болатын.

Карантин талаптарын сақтайық!

Шаһарда мониторинг топ өкілдері күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Олар 2–7 тамыз аралығында 840 нысанды тексеріп, олардың 147-сінде карантиндік шаралардың бұзылғандығын анықтаған.

COVID-19 індетінің өршіп тұрғанына қарамастан әлі де той тойлаудан, көпшілік жиі бас қосатын орындарда көңіл көтеруден тыйылар емеспіз. «Қалқаман» шағын-ауданындағы «Мара» мейрамханасында, Медеу ауданындағы «Billionaire» караоке-барында, Алмалы ауданындағы «Premier Hall» мейрамханасында және тағы да басқа нысандарда карантин талаптары өрескел бұзылған.

Демалыс күндері инспекторлардың тексеру нәтижелері бойынша 63 хаттама жасалған, оның ішінде заңды тұлғаларға 2348 185 теңге сомасында 7 айыппұл салынған. Жеке тұлғаларға қатысты бетперде режимін бұзғаны үшін 39 хаттама толтырылып, 494 035 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Сонымен қатар, инспекторлар қоғамдық көлікте тексеру жүргізіп, бетперде режимін бұзушыларды анықтауда. 110-нан астам автобус тексеріліп, 23 адамға қатысты ҚР



ӨҚБтК 1-бөлімінің 425-бабы бойынша әкімшілік хаттамалар жасалған. Сондай-ақ, 33-тен астам автобуста карантиндік талаптың бұзылғаны анықталған.

Осылай бейберекет, ойын-сауық құрып жүре беретін болсақ, коронавирус індетіне тосқауыл бола алмасымыз анық. Талап – ережеге құлақ асайық, ағайын!

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

МӘМС мәртебесі

медициналық оңалтудың қолжетімділігін
айтарлықтай арттырады



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматы қаласының әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының директоры Тілеухан Әбілдаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қаладағы медициналық сақтандыру мәселелері туралы айтты.

Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, қазіргі пандемияға байланысты жағдайдың күрделілігіне қарамастан, міндетті медициналық сақтандыруды енгізудің нәтижесі жаман емес. Бүгінде медициналық сақтандыру жүйесі толық жұмыс істеп тұр және қаланың денсаулық сақтау бюджеті айтарлықтай өскен. Биыл МӘМС бюджеті 246,6 млрд. теңгені құрайды.



«Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС пакетінде Алматы қаласында медициналық көмекке ақы төлеуге шамамен 53,6 млрд. теңге бөлінді. Шығындардың көп бөлігі стационарлық медициналық көмекке төленді, бұл 27,9 млрд. теңгеден асады», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Қор басшысы келтірген көрсеткіштерге сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда жоғары технологиялық операцияларды қаржыландыру 2,1 млрд. теңгеге артқан. Егер 2020 жылы бұл салаға 11,8 млрд. теңге бөлінсе, биыл бұл сома 13,9 млрд. теңгені құрады. Биылғы жылдың 6 айында халыққа жоғары технологиялық қызмет көрсетуге 8,2 млрд.-тан астам теңге бөлінді.

Алматы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының директоры қымбат ЭКУ процедурасына байланысты біраз деректермен де бөлісті. Алматыда Медициналық сақтандыру қорымен жасалған келісім аясында 8 медициналық ұйым экстракорпоральды ұрықтандыруды іске асыруда. Сондай-ақ, МӘМС кардиохирургияға мұқтаж науқастарға да үлкен қолдау көрсетуде. Жыл басынан бері жоғары технологияны қолдана отырып, 3,2 млрд. теңге сомасында 837 қызмет

Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, пандемия басталғалы бері 2020 жылдың наурызынан бастап медициналық сақтандыру қоры коронавирус пен пневмониямен күресу шаралары үшін ақы төлеуді, оның ішінде медицина қызметкерлеріне үстемеақы төлеуді қарастырды. «2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматы қаласында эпидемияға қарсы шараларға қатысқан 42 559 дәрігер 18,3 млрд. теңге көлемінде үстемеақы алды», – деді ол.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматыда коронавирустық инфекциямен ауыратын пациенттерді емдеуге медициналық қызмет көрсетуге 15,8 млрд. теңге төленді, ал ПТР-тесттерден 2,5 млрд. теңгеге 313 мыңнан астам азамат өтті.

Т.Әбілдаев қазақстандықтардың сақтандыру мәртебесіне қарамастан коронавирустық инфекция мен пневмонияға қарсы медициналық көмек тегін алатынын еске салды. Мобильді топтар мен ауруханалардың қызметтері үйдегі COVID-19 жұқтырғандарға және COVID-19 күдігі бар науқастарға көрсетіледі. Биыл мобильді топтар шамамен 119 мың шақыртуларға қызмет көрсетті, оларға 681,6 млн. теңге төленді.



СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ, ТҰРМЫС ТҮЗЕЛМЕЙДІ...

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Кімге, не үшін ақша төлеп жүрміз?

Редакциямызға Сәтбаев көшесіндегі №62 үйдің тұрғындары атынан Айша есімді әжей хабарласты. Тұрғынның айтуынша, өздері тұратын үйге соңғы он жылда бірде-бір рет жөндеу жұмысы жүргізілмеген.

– «Елім-ай» ПИК-іне қараймыз. «Сіздерге өтірік, бізге шын», дәл қазіргі уақытта үйіміздің кіреберісі адам шошырлық жағдайда тұр. Қабырғалар мен төбелердің сылағы түсіп жатыр. Қауіпсіздік шаралары сақталмаған. Электр сымдары сыртына шығып, үңірейген тесіктерден көз сүрінеді. Күдді бір қаңғыбастар мекені секілді. Тіпті, үйіне алыстан адам келсе, ұялатындай жағдайға жеттік. Тұрғындар коммуналдық төлемді уақытылы төлейді. Сонда біздің он жылдан бері үйді ұстауға, жөндеу жұмыстарына деп аударған ақшамыз қайда? «Елім-ай» ПИК-інің ішкі жөндеу жұмыстарын былай қойғанда, алақандай ғана кіреберісімізді тазалап, реттеп беруіне не кедергі екенін білгіміз келеді. Жағдайымызды айтайық деп іздесек, ПИК төрайымы Алтын Өденқызын ешқашан орнынан таппайсың. Телефон соқсаң, жауап бермейді. Кеңсеге барсаң қыздар мың сылтау айтып, шығарып салады. Қала басшысы Бақытжан Сағынтаев Алматыны жайлы өмір сүру үшін қолайлы қалаға айналдырып, жағдай жасаймыз деп жатқанда, бұл тірлікке жол болсын! Біз де қартайған шағымызда жақсы өмір сүруге лайықпыз, – дейді әжей.

Айша апаның өтінішімен «Елім-ай» ПИК-іне біз бір емес, бірнеше рет хабарластық. Алғашында телефон тұтқасын көтеріп, өзін Зәуре Жұбатқанова деп таныстырған қызметкер: «Алтын Өденқызы тұмауратып қалды, алдағы апта жұмысқа шығады» деді. Келесі хабарласқанымызда, Мәдина есімді қыз: «ПИК төрайымы кеңседе сағат 9.00-де болды да, жаңа ғана кетіп қалды» деді. Кеше тағы хабарластық. Тұтқаны Айман есімді қыз көтерді. Тағы сөйлесе алмадық... Бүгін де қоңырау шалдық... Орнында жоқ. Сонда ПИК басшысы қайда және не істеп жүр?

Егер біз заман көшінен қалмайтын, қазіргі ахуалға бейімделген мемлекет қалыптастырғымыз келсе, халық үніне құлақ асудың маңыздылығын ескеруіміз керек-ақ. Олардың талап-тілектерін мүмкіндігінше орындау – билік пен қоғам арасында тұрақты байланыс орнатуға жол ашады. Ендеше, он жылдан бері жөндеу көрмеген жер туралы айтқан ел-жұрттың өтінішін «Елім-ай» ПИК басшылығы ескерер деген ойдамыз. Шаруа жақын күндері қолға алынып, ретке келтірілсе, сіз үшін де, біз үшін де құптарлық іс болар еді.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

«Тасбақа» тірлік

«Айта, айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, жаздың басында Наурызбай ауданының тұрғындары атынан Қуантай Бұлтақбаева хабарласып, аудан әкімдігінің қолдауымен Қарағайлы өзеніне көтерілетін баспалдақты жөндеп беруін өтінген болатын. Содан бері міне, үшінші айға аяқ басты, айтылған сөз айтылған жерде қалды.

Біз бүгін әңгіменің арқауына айналған Қарағайлы өзенінің жағасы жайында тағы да жазып отырмыз. Себебі, бұл халық үшін қажет. Тұрғындар өзеннен ескен салқын ауа жаныңа жайлылық сыйлап, көңіл күйінді көтеретінін айтып, сол маңдағы баспалдақтарды жасап беруін өтініп жүргеніне бірнеше айдың жүзі болды. «Баяғы

жартас, сол жартас». Халықтың өтінішіне мұншалықты селқос қарауға бола ма? Тасбақа тірлікке бой үйреткен наурызбайлық атқамінерлер әлі күнге дейін аталмыш аймаққа ат ізін салмапты. Қала билігі қатаң бақылауда ұстап отырған шаралардың бірі халықтың өтінішін ескерусіз қалдырмау емес пе еді? Біз де аудан әкімдігіне баспалдақтарды мүмкіндігінше жылдамырақ ретке келтіріп берсе деген өтінішті қолдап, Наурызбай ауданы әкімдігіне хабарласқанымызда, маусым айының соңына дейін бітіріп береміз деп уәде берген-ді. Уақытында орындалмаған жұмыс екінші мәрте тақырып өзегіне айналып, тағы да газетке жаздық. Тасбақа тірліктің қашан аяқталатынына әзірге уақыт қана төреші.



АЛАТАУ АУДАНЫ



Өркениеттен жүрдаймыз

Көпшілікке «барахолка» атымен таныс Алматыдағы ең үлкен сауда нүктесі қазір жаңа сипаттағы сауда орнына айналған. Биік-биік ғимараттар бой көтеріп, сауданың көбі әдемі таза орындарда жүріп жатыр. Сыртынан қарасаңыз, бізде бәрі керемет сияқты... Бірақ сол барахолканың артында тұрып жатқан халықтың тұрмыс жағдайына көңіл бөлген жан һәм билік бар ма екен?..

«Шапағат» ықшамауданының (дәл осы базарлардың артқы жағы) 3-градокомплекс көшесінің тұрғындары аудан әкімі мен сала басшыларына өкпелі. Айтуларынша, олар тұратын көшеде әлі күнге дейін бірде-бір рет жол жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Асфальт төселіп көрмеген. «Алматы деген алып қалада осындай тұрмыс кешіп жатқан жұрт бар десе, ешкім сенбейтін шығар. Бізді мына жолдың жағдайы әбден шаршатты. Аптап ыстықта шаңы аспанға көтеріледі. Көшеміздің барлығы шұрық-тесік. Жаңбырлы күндері ми-батпаққа малынып қаламыз. Көктем келгенде еритін қардың әбгерге салатыны тағы бар. Көшең дұрыс болмаған соң арық желісі қайдан болсын?! Судың барлығы жиналып айдын-көлге айналады. Ол аз десеңіз, мұндағы үйлер орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылмаған. Түнде көшеміз тастай қараңғы. Жарық жоқ. Қысқасы, мұндағы халықтың өмірі ешкімді қызықтырмайды. Өркениеттен жүрдаймыз» деген елді-мекеннің тұрғындары жоғарыда айтылған мәселелерді шешіп беруін өтініп отыр.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ



Қоқыстардан көз сүрінеді

Жетісу ауданының негізгі көшелерін мұнтаздай таза десек те, үйлердің арасын олай деуге келмейді. Екі қадам бассақ, шашылып жатқан қоқыстардан көз сүрінеді. Мәселен, Борзов – Брюсов көшелерінің тұрғындары аулаларында бей-берекет шашылып жатқан қоқыстардан шаршағанын айтады. «Көше киылысында күнделікті үйден шығатын қалдық атаулы осылай үйіліп жатады. Тіршілік бар жерде қоқыстың болуы заңдылық. Бірақ оны төгетін арнайы орын бар емес пе? Біз жаққа неге қоқыс жәшіктері қойылмайды? Осыны түсіне алмай-ақ қойдық. Тау болып жиналып қалмас үшін қоқыстарды шығаруға өзіміз ақысын төлеп, адам жалдаймыз», – дейді.

Жалпы, ауданда Райымбек – Күдерин көшесінен бастап Рысқұлов көшесіне дейін жер үйлер орналасқан. Аудан тұрғыны Жәмиля есімді келіншектің айтуынша, жер үйлерге ортақ қоқыс жәшігі қойылмағандан кейін, әркім есік алдына жақын жерге тұрмыстық қалдықтарды үйіп қояды екен. Тұрғын апта соңында ғана ақылы қоқыс тиейтін көлік шақыратынын айтады. Ал оған дейін қоқысты қаңғыбас иттер жұлмалап, шашып, әр жерге тасып кететінін айтады. Салдарынан қоқыстың қолқаны қабатын иісі бүкіл ауланы жайлайтын көрінеді.

Қауіпсіздік шаралары сақталмаған

Жетісу ауданы Күдерин мен Борзов көшелерінің ортасында орналасқан саябақ бар. Бір қарағанда, жанға жайлы демалыс орны дерсің... Бірақ әлгі саябақта қауіпсіздік шаралары мүлде сақталмаған. Мәселен, мұндағы су өтетін үлкен арықтың жан-жағында қоршауы жоқ. Оған кез келген адам құлап кетуі мүмкін.



Қазіргі таңда арық қаңырап бос жатыр. Іші қоқысқа толған мұндай «жайлы» жерді қаңғыбастар мекен етіп алған. Жанында балаларға арналған үлкен ойы алаңы бар. Ең қауіптісі де осы тұста, мына бір құдықтың беті ашық жатыр. Тұрғындар алаңның жанында осындай қатердің болғанына алаңдайтындарын айта келіп, жауапты басшылардан арықты қоршауға алып, қауіпсіздік шараларын қабылдауды сұрайды.

ТҮЙІН:

Тұрмыс түзелу үшін халық үніне құлақ асудың маңызы зор. Біз тұрғындардың сөзінен қордаланған мәселелерге шектен қарап, құрғақ уәдемен «іс бітіріп» жүрген аудан әкімдерінің мұндай немкеттілігі азаматтық қоғамға қолдау көрсетуге, оның әлеуетін нығайтуға үлкен кедергі. Сондықтан қаланың тыныс-тіршілігіне жауапты әрбір шенеунік халықтың өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді шешуге бет бұрса, нұр үстіне нұр болар еді.

Бетті дайындағандар
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

«1 сынып – 1 кабинет»

Қазір білім берудің дәстүрлі форматына оралу үшін барлық мүмкіндік пен сақтық шаралары қарастырылуда. Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин оқушылар мен педагогтердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мәселелерін барынша тездетіп шешу қажет екендігін баса айтты.



– Бүгін өте маңызды мәселені қарастырып отырмыз. Өйткені, бұл мәселе қазір әрбір отбасын, барлық оқушылар мен студенттерді алаңдатып отыр. Денсаулық сақтау жүйесі биылғы оқу жылын анағұрлым жақсы әрі халықты жаппай вакциналау жағдайында бастағалы отыр. Вакцина алған педагогтер жұмысқа кіріседі, – деді Үкімет басшысы.

Сонымен, білім берудің дәстүрлі форматына оралу туралы шешім қабылданды. Биылғы оқу жылында еліміздегі мектептерде 3 млн. 600 мыңға жуық бала оқитын болса, ондағы оқу процесі «1 сынып – 1 кабинет» форматында өтетін болды. Яғни оқушылар сабақты тек бір кабинетте ғана оқитын болады. Кабинеттер ережеге сай уақытылы желдетіліп, санитарлық талаптарды орындауға міндетті. Осыған орай, оқушылар мен педагогтердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастыру мәселелерін барынша тездетіп шешу тапсырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Армысың, Әліппе!



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

«Әліппе» қайта оралатын болды. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Білім күнінде 1-сынып оқушыларына «Әліппе» оқулығының салтанатты түрде табысталатынын үкімет отырысында хабарлады.

Сонымен, биылғы 1 қыркүйекте мектеп табалдырығын аттағалы тұрған 1-сынып оқушыларына «Әліппе» оқулығы табысталатын болды. Білім әлеміне қадам басқан барлық баланың ең алғашқы оқулығы болған ардақты «Әліппемізбен» осылайша қауышқалы отырмыз.

Жалпы, «Әліппе» оқулығы бойынша әдіскерлер мен ғалымдар ауқымды жұмыс атқарды. Оқулық ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың 1912 жылғы «Әліппесіндегі» басты қағидат негізінде әзірленген. Оқулықта барлық оқу мақсаты сақталып, баланың жас ерекшелігіне қарай, дыбыспен жаттығу, сөз жасаудағы қызмет ескерілген. Сонымен қатар, мұнда оқудың оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту талабы сақталған. Мектепке алғаш барған 1-сыныптықтар 1, 2-тоқсанда «Әліппені» оқыса, 3-тоқсаннан бастап «Ана тілі» оқулығын оқитын болады.

Үйге сұраныс жоғары

Екі миллион тұрғыны бар алып шаһар жылжымайтын мүлік нарығында көш бастап тұр.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, отандық жылжымайтын мүлік нарығында биыл тұрғын үйді сату-сатып алу мәмілелерінің саны жылдағыдан азайған.

«2021 жылғы шілдеде тұрғын үйді сату-сатып алу бойынша тіркелген мәмілелер саны 46 255-ті құрады және өткен аймен салыстырғанда, 14,4% аз болды», – делінген хабарламада.

Сарапшылар белсенділіктің бұлай төмендеуін демалыс маусымымен байланыстырып отыр. Мәселен, 2021 жылғы қаңтар–шілдеде тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, 2,2 есеге жоғары болған.



Әлбетте, бұл бағытта Алматы дәстүрлі түрде көш бастап тұр. Оған алып шаһарда өткен шілде айында тұрғын үйді сату-сатып алу бойынша 6833 келісім жасалғаны дәлел.

Жалпы, биылғы қаңтар–шілде айлары аралығында баспанаға қатысты барлығы 323 693 келісім жасалған. Бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 2,2 есе көп.

ҚР Әділет министрлігі мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ деректері негізінде дайындалған ақпаратқа сүйенсек, Алматыда шілде айында 3252 тұрғын үйді сатып алу-сату бойынша келісім жасалған. Оның ішінде 1934-і жеке үй болса, 1318-і көппәтерлі үйдегі пәтерлер екен.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҮРКСІБ



Айнұр
НҮРСАБЕТ

Түрксiб ауданының әкiмi Бақытжан Ақжаров Өңiрлiк коммуникациялар қызметi алаңында өткен брифингте мердiгер ұйымдар жол құрылысы мен көлiк инфрақұрылымының сапасын жақсартқаны жайлы айтты.

Аудан әкiмдiгi «Әлмерек», «Қайрат» және «Нұршашқан» шағынаудандарында жол құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Бақытжан Ақжаровтың айтуынша, қазiргi уақытта жол инфрақұрылымын жақсарту бойынша күрделi жұмыстар жүргiзiлуде. Болашақта ауданда ұзындығы 50 шақырым болатын жаңа жолдар салу жоспарланып отыр. Бүгiнде Түрксiб ауданында барлығы 149 көше жөнделдi, оның 37-сi асфальтталды, 26 көшеде жөндеу жұмыстары әлi де жалғасуда.

«Қайрат» шағынауданында ұзындығы 36,6 шақырым болатын 93 көше жөнделуге тиiс болса, қазiргi уақытта 24 көшеде жұмыс жүргiзiлуде. «Әлмерек» шағынауданында ұзындығы 20,5 шақырым болатын 51 көше жөнделуi керек, әзiрге оның 12-сiнде жұмыс жүрiп жатыр. «Нұршашқан» шағынауданында ұзындығы 16,6 шақырым болатын 43 көшеге асфальт төселедi. Аудан әкiмi биыл ұзындығы 15,2 шақырым болатын 21 көшенi орташа жөндеу жоспарланып отырғанын да айтты. Қазiргi уақытта 10 көшенiң жұмысы басталған.

Әкiмнiң айтуынша, ауданда шұңқырларды жөндеу жұмыстары да ерекше бақылауда. Жыл басынан берi аудан көшелерiнде жөндеудi қажет ететiн 245 учаске анықталған, олардың 198-iнде жөндеу жұмыстары аяқталып, 47-сiнде жөндеу жүрiп жатыр.

ЖЕТІСУ



Рая
ЕСКЕНДІР

85 жылдық тарихы бар Жетісу ауданында бүгінде тұрғын үйді жаңарту бағдарламасы іске асырылып, абаттандыру мен түрлі әлеуметтік нысандарды салу жұмыстары қызу қарқынмен жүріп жатыр.

Аудандағы «Жұмысшылар поселкесі» деп аталатын елді мекендегі құрылыс тіпті қарқынды. Мәселен, қазір Райымбек даңғылы – Крылов – Казаков – Боткин – Гончаров – Скрябин көшелерінің қиылысында реновациялау бағдарламасы бойынша үйлер салынып жатыр. Дәл осы жерде былтыр тозығы жеткен 6 ескі үй сүріліп тасталған еді. Қазір бұл жерде жалпы алаңы 16 мың шаршы метр болатын 304 пәтерлі 4 үйдің құрылысы басталды. Сонымен қатар, ескі үйлерді сүру жұмысы биыл да жалғасып, тозығы жеткен екі үйдің орнына 12,5 мың шаршы метр болатын 183 пәтерлі үш үйдің құрылысы басталды.

Осы аудандағы №102 мектептің жанынан қосалқы жаңа корпус бой көтеріп, 150 орынмен қамтылатын болды. Қазір ғимараттың құрылыс-монтаж жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

«Құлагер» ықшамауданының тұрғындары бір ауысымда 150 адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар заманауи спорттық кешен құрылысының аяқталғанын күтіп жүр. Қазір ДСК кешенінің құрылысы жалғасуда. Аталмыш кешенде спорт және тренажер залдары, екі бассейн, жаттығу залдары бар.

Жыл артқан сайын Жетісу ауданы тұрғындарының саны да артып келеді. Тұрғындарды қолжетімді медициналық қызметтермен қамтамасыз етіп, аудан көлеміндегі медициналық мекемелердің жүктемелерін азайту үшін әлі де бірнеше емханаларды ашу керек. Бұл ретте ең тиімдісі – дайын ғимараттарды сатып алу болғандықтан, қазір барлық мүмкіндік қарастырылуда.

«ҚАЙРАТТА» МЕКТЕП САЛЫНАДЫ



«Жол жөндеушілер жолдардағы ақауды түзетіп қана қоймай, күн сайын көшелерде санитарлық тазалық жұмыстарын да жүргізеді. Ауданда жолдарды жуу, қоқыс жинау және шөп шабу жұмыстарымен үш мердігер компания айналысады», – дейді Б.Ақжаров. Сондай-ақ, аудан әкімі Бұқтырма - Құлжа тракті жолайрығының құрылысы жалғасып жатқанын атап өтті. Жұмысты келесі жылы аяқтау жоспарлануда.

Бүгінде Түрксiб ауданында 614 учаскенi жарықтандыру бойынша жұмыстар аяқталды. «Әлмерек», «Қайрат» және «Нұршашқан» шағынаудандарының көшелерi мен басқа да көшелерге 8463 шам орнатылған. Жарығы жоқ 91 учаске қалады. Аудандағы Жансүгіров көшесі мен Қапшағай көпірінің бойында сыртқы жарық желілері жаңартылды. Жыл соңына дейін Лавренев, Бекмаханов, Ақан сері, Бұқтырма көшелеріндегі және Құлжа трактісіндегі жарық желілерін жаңарту жоспарланып отыр.

Түрксiб ауданында мектептердегi орын тапшылығы 1600-ден асады. Осыған байланысты биыл ауданда үш мектеп кеңейтіліп, ескі ғимараттың орнына тағы бір мектеп салынады. Б.Ақжаров Түрксiб ауданындағы 29 мектептің екеуі жекеменшікті екенін

айтты. 32 442 оқушы бар, ал оқушы орындарының тапшылығы 1690-ды құрайды. Бұл мәселені шешу үшін жергілікті атқарушы органдар №170 мектептің жанынан 300 балаға арналған жаңа корпусты салуға шешім қабылдады. Қазіргі уақытта нысанның дайындығы 90%-ды құрайды, құрылыс оқу жылының басына дейін аяқталады. Сондай-ақ, Сейфуллин даңғылында 590 орынды жеке мектептің құрылысы аяқталуға жақын, нысан 93%-ға дайын. 2021 жылдың желтоқсанына дейін «Қайрат» шағынауданында 1500 орынды мектептің құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Б.Ақжаров ауданның денсаулық сақтау инфрақұрылымы туралы да айтты. Оның айтуынша, ауданда жеті қалалық емхана мен алты аурухана бар. «Қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін биыл «Нұршашқан» шағынауданында ауысымына 100 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория мен «Қайрат» шағынауданында ауысымына 500 келушіге арналған емхананың құрылысын бастау жоспарланып отыр», – деді Б.Ақжаров. Сондай-ақ, әкімнің айтуынша, Айбасов көшесі бойында ауысымына 200 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория құрылысының жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

«ҚҰЛАГЕРДЕ» СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛАДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР



Әзірге аудандағы Сидоркин, 14, Омаров, 91 «А» көшелеріндегі бос ғимараттар қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының назарында тұр.

Аудан аумағына қарасты Қазыбаев көшесі – Рысқұлов даңғылы – Тәтібеков көшесі – Райымбек даңғылы бойында инженерлік желілердің құрылысы жүріп жатыр. Бұдан өзге, 43 шақырым сумен жабдықтау желілері мен 15 шақырым судан бұру жұмыстары аяқталуға жақын. Қазірдің өзінде орталық жүйеге 6 мыңнан астам адам қосылады.

Жетісу ауданында «Бюджетке қатысу» жобасы жүйелі жүргізіліп жатыр. Мәселен, «Құлагер» ықшамауданында осы жоба аясында жаяу жүргіншілер аймағы пайдалануға берілді. Дегенмен, әлі де бұл жерде ойын алаңдары мен спорт алаңдары жеткіліксіз, ыңғайлы орындықтар мен көше шамдарын орнату қажет.

Бұрындары Сейфуллин даңғылы бойындағы үйлердің маңы қараусыз жататын. Қазір бұл жерлер тазартылып, бос жатқан аумақтарға Workout құрылғысы орнатылып, жарық желісі тартылды, орындықтар қойылды. Тұрғындар серуендейтін демалыс аймағына айналды.

«Құлагер» ықшамауданындағы біраз үйлердің қасбеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аудан аумағындағы арықтардың да көзі ашылып, жөнге келе бастады. Енді аз күнде Жангелдин көшесі бойындағы арық желілерін реконструкциялау жұмыстары аяқталады.

Қазір «Көкмайса» ықшамауданына қарасты аумақтағы Есентай өзенінің жағалауына абаттандыру жұмыстарын жүргізу басталды. Сондай-ақ, Үлкен Алматы каналы бойын реконструкциялау да жалғасып жатыр. Жасыл экономика басқармасының тікелей көмегімен қанат жайған саябақтар «Көкмайса», «Айнабұлақ» ықшамаудандары тұрғындарының серуендейтін орындарына айналады.



23 тамыз – Халықаралық денешынықтыру күні. Спорттық іс-шаралар адам ағзасына өте пайдалы екенін ескеретін болсақ, «спорт – бұл өмір» деуге болады.

Кеше ғана төрткүл дүниенің дүбірлі додасына айналған Токио–2020 Олимпиадасы өз мәресіне жетті. Төртжылдықтың басты бәсекесінде Қазақстан 8 қола жүлдемен 83-орынға жайғасты. Айтулы аламанға ел атынан барған 97 спортшы спорттың 28 түрінен бақ сынаған болатын. Осы тұрғыда не айтар едіңіз? Осы турғыда дзюдодан талай шәкіртке дұрыс бағыт сілтеген самбошы, «қазақ күресінің спорт шебері» Жангелді ХАМИТОВПЕН әңгімелескенбіз.



СПОРТ – ҮЛКЕН ӨНЕР

– Жангелді аға, келе жатқан мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Олимпиада ойындарынан кейін спорт тарапына айтылған сын-ескертпелер көбейіп кетті. Осы тұрғыда не айтар едіңіз?

– Спортпен айналысқанның өзі, спорттың кез келген түрімен шұғылданғанның өзі – үлкен өнер. Қазіргі таңда салауатты өмір салтын ұстанудың өзін жетістік деп қарауға болады. Сол үшін де өнер мен спортты егіз ұғым деп қарастыруға болады. Жалпы, спорттың өзі – үлкен тарих. Осы спорт арқылы да Қазақстанды әлем танып жатыр. Спортшыларымыз көптеген шындырды бағындырып, әлем төрінде Көк Туымызды желбіретіп жатыр. Кешегі қаншама ел қатысқан Олимпиададан батырларымыз жүлдесіз қайтқан жоқ. Осының өзін – үлкен жетістік деуге болады.

– Жалпы, спорттық жолыңызды қашан және қалай бастадыңыз?

– Мен өзім Алматы облысы, Райымбек ауданы, Текес ауылында туып-өскенмін. Сол ауылда қазақ күресінен үйірме ашылған болатын. Сол қазақ күресі үйірмесінде Ержан деген ағайымыз болды. Алғашқы спорттағы қадамымды осы ауылдағы қазақ күресі үйірмесінен бастадым. Кейін ер жетіп, арман қуып Алматыға жол тарттық. Үлкен қалаға спорттық жолды жалғастырсам деген үлкен арманмен келдім. Сөйтіп, алып шаһардағы спорттық жолымды 2002 жылы дзюдодан бастағанмын. 2-3 жыл бойы дзюдо күресімен айналысып, 2005 жылы бағытымды қазақ күресіне қарай өзгерттім. Марқұм Өтелов Нұржан деген ұстазым болатын. Сол кісінің дайындығында болып, бірге жаттығып, беделді спортшылардың қатарына қосылып, алдыңғы буын ағаларымыздың ақыл-кеңестерін тыңдап, бой көтерген едік.

– Қол жеткізген жетістіктеріңізбен бөлісе отырсыңыз?

– Әрине, енді, спортшы болғаннан кейін алға қойған мақсат-міндеттеріміз көп болады ғой. Жетістікке жетіп, керемет нәтиже көрсетсем деген оймен жаттығамыз. Әрбір спортшының ең басты мақсаты – Олимп шыңын бағындыру шығар. Қазақ күресінің майын ішіп, жілігін шаққан ағаларымызды көріп, мен де осы кісі сияқты болсам ғой деген армандар болды. 2008 жылы Нұр-Сұлтан қаласында қазақ күресінен Қазақстан Республикасының Чемпионаты болды. Сол дүбірлі додада қола жүлде иеленіп, «қазақ күресінің спорт шебері» деген атаққа ие болдым. Сол кезде бізді күреске баулып жүрген Нұржан Өтелов, Ермек Нәсіп деген ұстаздарымыз да сол кезде керемет жетістіктерге қол жеткізді. Кейін Райымбек ауданының «түйе палуаны» атандым. Қазақ күресінен ұйымдастырылған республикалық жарыста біз жеңім. Басқа өткен кіші жарыстан алған жүлделеріміз көп болды. Негізгі атап өтетіндерім – осы. Ал енді қазіргі таңда Талип Бауыржан, Еркін Сайдақов, Ринат Мүсірбаев, Асылбек Әлікей, Жайдар Сайлаубаев, Әли Келдіқұлов сынды бауырларымыз қазақ күресінен биік шыңдарды бағындырып жатыр.

– Ұстаздық ету, яғни бапкер болып шәкірт тәрбиелеу қиын емес пе?

– Жалпы, ұстаздық ету – ол үлкен жауапкершілік. Себебі, алдыңа келген шәкіртте-

рінді, оқушыларынды дұрыс бағытқа тәрбиелеу, оған өз ойынды анық жеткізе білу, «бұлақ көрсен, көзін аш» дегендей, шәкіртінді спортқа баулу үлкен еңбекті талап етеді. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген керемет сөз бар ғой. Мен, жалпы, бапкерлік жолымды 2010 жылы қазақ күресі мен дзюдодан бастадым. Содан бері 11 жыл уақыт өтіпті. Қолымнан келгенше, шәкірт тәрбиелеп келемін. Негізі, ең бірінші чемпион болу емес, ең бірінші адам болу ғой. Сондықтан шәкірттерімді ең бірінші адамылыққа тәрбиелеймін. Өйткені, ұстаздың ең алғашқы міндеті – баланы дұрыс тәрбиелеу, қоғамға дұрыс сіңдіру. Болашақта өзім тәрбиелеген шәкірттерім елге, жерге адал қызмет етіп жатса – оның өзі үлкен жеңіс деп білем.

– Болашақта самбо спорт түрі Олимпиада ойындарына қосылады деген ақпарат бар. Біздің спортшылар осы дүбірлі додаға дайын ба?

– Егер самбо Олимпиадалық спорт қатарына қосылып жатса, қазақ спортшылары әрқашан дайын. Осыған дейін өтіп жүрген халықаралық күрестен әлем, Азия чемпионаттарында қазақтың жігіттері топ жарып жүр. Спортшыларымыздың арасында самбо күресінен әлемнің 4 дүркін чемпионы – Ерболат Байбатыров деген жігіт бар. Самбо күресі Олимпиадаға қосылатын болса, біздің жігіттер үлкен жетістікке қол жеткізеді деп нық сеніммен айта аламын. Оның ішінде самбо күресімен айналысып жүрген батыр қыздарымыз да бар. Қазақтың самбошылары кез келген аламан жарыста намысты қолдан бермейді деп ойлаймын. Себебі, олар бабында.

– Әлемдік деңгейде өнер көрсетіп жүрген шәкірттеріңіз туралы айтып өтсеңіз?

– Аманжол Жанбота есімді шәкіртімді әлемдік шындырды бағындырып жүр деп айтуға болады. Ол спортқа 7-сыныптан бастап қадам басқан болатын. Содан бері талай белестерді бағындырып келеді. Қазіргі таңда парадзюдодан ҚР құрамасының ең үздік спортшысы болып табылады. 2019 жылы Аманжол Жанбота Атырау қаласында өткен парадзюдодан Азия чемпионатына қатысып, 90 келі салмақта үшінші орынға ие болды. Сондай-ақ, Жанбота Токио–2020 Олимпиадасына парадзюдодан жолдама ұтып алған болатын. Токио–2020 Олимпиадасының негізі кездесулері аяқталды. Енді паралимпиадалық жарыстар басталады. Қазір шәкіртімді кезекті дүбірлі додасына дайындау үстіндемін. Жанбота қазір бас бапкер Жандос Қияновтың қоластында жаттығып жатыр. Олимпиадаға парадзюдошылардан 6 спортшы – 2 қыз, 4 ер бала қатысады. Республикамызға танымал спортшыларымыздың бірі – Алтынбек Рауан, Бегалы Әкежан, Ықым Азамат, Оңғарбай Ғазиз деген шәкірттерім қазақ күресінен үлкен шындырды бағындырып жатыр. Сондай-ақ, Мөлдір Азамат деген шәкіртім жастар арасындағы ҚР жеңімпазы, кешегі Атырау қаласында өткен самбо күресінен Қазақстан кубогының күміс жүлдегері. Бұдан да биік нәтижеге қол жеткізеді деген сеніміміз мол!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

Олимпиада бітті, ой қалды



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында өткен Токио–2020 Олимпиадасының жүлдегерлеріне құттықтау жолдаған болатын. Ол өз сөзінде қазақстандық спортшыларға алғысын білдіріп, спорт саласында шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажеттігіне тоқталды.

– Токиода өткен Олимпиада ойындарына Қазақстаннан 93 спортшы қатысты. Жеңіске жету жолында бар күш-жігері мен шеберлігін көрсеткен атлеттерге алғысымды білдіремін. Олимпиаданың қола жүлдегерлерін құттықтаймын! Бұл ұзақ уақыт бойы жүргізген табанды жаттығулардың жақсы нәтижесі. Ұлттық құраманың Олимпиададағы көрсеткіші спорт секілді аса маңызды салада шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажет екенін көрсетті. Бұқаралық және балалар спортын дамытуға көңіл бөліп, сол арқылы әлемдік аренада үлкен табыстарға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Алайда, 8 қола медаль алып, жалпы командалық есепте 83-орынға табан тіреген Ұлттық құраманың бұл көрсеткіші Қазақстанның спорттағы әлеуетіне және мемлекет тарапынан спортты дамытуға бөлініп отырған мол қаражатқа сәйкес келмейді. Токио Олимпиадасынан сабақ алып, Парижде өтетін келесі ойындарда халық үмітін ақтайтындай нәтижеге қол жеткізу керек, – делінген Президенттің жазбасында.

Расмымен де, биылғы өткен Олимпиадада Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері ең төменгі деңгей көрсетілген екен.

ТОКИО –2020: ОЛИМПИАДА ҚЫЗЫҚТАРЫ

Ғарыштағы доп додасы



Астронавтар тарихтағы алғашқы Ғарыш Олимпиада ойындарын өткізді. НАСА ұсынған мәлімет бойынша екі командаға бөлінген 7 ғарышкер спорттың 4 түрінен өнер көрсетті. Айта кетейік, Халықаралық ғарыш стансасында қазір жеті ғарышкер бар. Олар «еденсіз гимнастика», «қол тигізбей ойнайтын қол добы», «ғарыштық синхронды жүзу» және «гравитациясыз ату» ойын түрлері бойынша бақ сынады.

Көрерменді тәнті етті

Токиода біреулер жұртты спорттағы мансабымен таңқалдырса, енді бірі олимпиада алаңында сүйікті хоббиімен айналысып, көрермендерді тәнті етті. Атап айтқанда, суға секіруден алтын алған британдық Том Дейли тоқыма тоқып, көпшіліктің көзайымына айналды. Оның айтуынша, бұл іс жүйкені тыныштандырып, өзін жеңіл сезінуге көмектеседі екен. Соның арқасында Олимпиада кезінде өзіне жемпір тоқып алған.

Ең жас спортшы



13 жастағы жапон қызы Олимпиада чемпионы атанды. Биыл жазғы ойындар бағдарламасына алғаш рет скейтбордшы қосылған еді. Жапония атынан бұл сынға Момидзи Нисия қатысқан. Ол финалдық сында 15,25 ұпай жинап, бірінші орын алды. Осылайша олимпиада тарихында алтын алған екінші ең жас спортшы атанды. Алғашқысы – америкалық Марджори Гестринг. Ол 1936 жылы суға секіруден алдына жан салмады. Ол кезде Марджори де 13 жаста еді. Скейтбординг бойынша екінші орынды бразилиялық Рансса Леал алса, үздік үштікті тағы бір жапондық Фуна Накаяма түйіндеді.

Парижде жолыққанша!



Шоу көрсетілді



Токио Олимпиадасының ұйымдастырушылары баскетболдан финалдық матчтың үзілісінде көрерменге шоу көрсетті. Шоудың басты кейіпкері – робот Кью болды. Ол баскетбол ойнаудан нағыз шеберлік сағатын көрсетті. Допты бір орнынан да, секіріп те, жақыннан да, алыстан да лақтырып, бірінен соң бірін дөп түсірді. Сарапшылар болашақта олимпиада ойындарында темір, пластик және полимерден жасалған спортшылар шықса таңқалмауға болатындығын білдірді. Бүгінде бұл тек шоу болса, болашақта шындыққа айналуы әбден мүмкін. Атлеттер емес, робот құрастырушылары сыңға түсетін кез алыс емес дейді мамандар.

Токио–2020 Олимпиада ойындары ресми түрде аяқталды. Бір жыл кейінге қалдырылып, биыл өткен дүбірлі дода алдыңғыларынан өзгеше болды: спорт сайыстары тарихта алғаш рет көрерменсіз өтті. Олимпиада ойындарында спортшылар 339 медаль жинағы үшін бақ сынады.

Әлемдік жарысты келесі жолы француздар ұйымдастыратын болды: Токио Олимпиадасының туы Париж мэрі Анн Идальгоға табысталды. Сайыс 2024 жылы 26 шілде мен 11 тамыз аралығында өтпек.

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



БҮГІН – ЖАСТАР КҮНІ

КЕЛЕШЕК КІЛТІ – ЖАСТАРДА



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Бүкіл әлем 12 тамызда Жастар күнін тойлауды әдетке айналдырған. Ресми деректерге сүйенсек, жер бетінде 25 жасқа дейінгі жастардың саны шамамен, 3 млрд. адамға жуықтайды. Ал еліміздегі жастардың үлесі 3 млн. 739,8 мың адамды немесе бүкіл халықтың 20 пайызын құрайды. Жастар күні – болашақтың дамуы мен өркендеуінде жастардың маңызды рөл атқаратынын еске салу үшін аталып өтеді. «Келешектің кілті – жастар» деген тоқтам негізінде жастар туралы қызықты деректерді назарға ұсындық.

Мереке тарихы

Жастық шақ – әрбір адамның өміріндегі өзгерістерге, жаңа оқиғаларға толы ең бақытты кезең деуге болады. Бұл – баға жетпес тәжірибе жинайтын уақыт. Бұл – жігерлі жастардың болашаққа керемет жоспарлар құрып, кәсібін анықтап, жаңа белестерді бағындыратын кезі.

12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Ол 1999 жылы 17 желтоқсанда қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен құрылды. Мерекенің бастамашысы – жастар істері жөніндегі министрлердің Бүкіләлемдік конференциясының мүшелері. Оқиға 1998 жылы 8–12 тамызда Лиссабон қаласында орын алған. Алайда, Жастар күні мерекесі ресми түрде 2000 жылдың 12 тамызынан бастап аталып келеді. Биыл Жастар күні мерекесіне – 21 жыл.

БҰҰ Бас Ассамблеясы Жастар күнін ресми қабылдауға келесі мәселелердің түрткі болғанын айтқан:

- жастарды қолдау;
- олардың танымын арттыру;
- жастар мәселесіне назар аудару;
- өмір сүру сапасын жақсарту;
- мүмкіндіктер аясын кеңейту.

БҰҰ ұсынған статистикадан сыр тартсақ, әлемдегі 3 млрд. жастың жарты миллиарды кедейшілікте өмір сүреді екен. Ал 24 миллион бала мектепке бармайды. Күн сайын 30 мыңға жуық бала кедейлік салдарынан көз жұмады, ал 7 мың жасөспірім АИТВ жұқтыратын көрінеді.



Бүкіл әлем бойынша жұмыс күшінің ¼ бөлігін жастар құрайды. Алайда, олардың жартысы жұмыссыз екен. Еңбек нарығында оларды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету мүмкін емес. Жастар саяси тұрақсыздыққа, еңбек нарығындағы тұрақсыздыққа және қоғамдық өмірге араласудың болмауына байланысты оқшауланып келеді. Жастар күні мерекесі аталған мәселелердің шешімін табу үшін мерекелер тізбегіне арнайы енгізілген.

Жастарға қолдау

Елімізде де жастарға ерекше көңіл бөлініп келеді. 2019 жыл – «Жастар жылы» ретінде аталып өтті. Бүгінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң жобасының тұжырымдамасын қоғамдық талқылауға шығарған болатын. Құжат бойынша тоқырауға ұшырап бара жатқан жастар жобасын жандандыру көзделген. Жаңа заң негізінде ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және UNICEF еліміздегі жастар жобасын жүзеге асыруда күш біріктіріп, бірлесе әрекет етіп жатыр.

Бағдарламаның бастамашылары: БҰҰ Балалар қоры (UNICEF) және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Samgau (Upshift) бағдарламасы жастардың әлеуметтік осал бөлігінің, соның ішінде NEET санатындағы жастардың мүмкіндіктерін кеңейтуге

бағытталған. Бүгінде жоба еліміздің алты өңірінде Жастар ресурстық орталықтарының негізінде жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, өмірлік маңызы бар дағдыларды оқыту бойынша 30-дан астам семинар, 2 онлайн буткамп өткізілді. Бұған қоса, бағдарлама аясында 13 команда шағын гранттар алып, өз жобаларын жүзеге асыруда.

Ақпарат министрлігі ведомствосы әзірлеген тұжырымдамада көрші Қытайдың, Каспий бойынша көршіміз Әзербайжанның мемлекеттік жастар саясаты үлгі етілген.

Коммунистік жастар лигасы. Жастармен жұмыстың жалпы тұжырымдамалық құжаты жоқ, бірақ 200-ден астам мембағдарлама қабылданып, орындалуда. Олардың негізгі мақсаты – коммунистік идеология мен «Қытай ерекшелігіне сай социализмді» ілгерілету. Әзербайжанда жастармен жұмыс орталық идея – әзербайжан ұлтын өркендету идеясына құрылады. 5 жылдық «Әзербайжан жастары» мембағдарламасы қабылданды.

«Негізгі қағидаттары – мемлекеттілікті, тәуелсіздікті және Әзербайжанның бірегейлігін қолдау, әзербайжан халқының тарихына, мәдени мұрасына, мемлекеттік тіліне, ұлттық құндылықтарға құрмет көрсету және патриотизм», – делінген қазақстандық тұжырымдамада.

Демек, жаңа заң аясында жастардың жұмыссыз тобына үлкен қолдау көрсетіліп, халқымыздың тарихына, мәдени мұрасына, мемлекеттік тілге, ұлттық құндылықтарға құрмет көрсету және патриотизм идеялары жүзеге асырылады.

ӨНЕРТАПҚЫШТАР ӘЛЕМІ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бет-әлпетті анықтайды



Алматылық өнертапқыштар бет-әлпетті анықтап, құжаттардың түпнұсқалығын дәлелдейтін жоба ойлап тапты. Олар Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізілген байқауларда да жүлделі орын алып келген. Адамдардың бет-әлпетін анықтап, оның жынысы мен жасын талдау, мекеме қызметкерлерінің жүктелген міндеттерін қаншалықты дұрыс жасап жатқандығын анықтау – жобаның негізгі артықшылығы. Тұтынушы туралы ақпарат та қосымшада тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Өнертапқыштар көліктің нөмірін анықтайтын жүйені де қолға алған. Жеке компаниялардың бірі оған қызығушылық танытқан.

Отынның жаңа түрі



«Смарт Алматы» жобасының жеңімпаздары атанған Сәтбаев университетінің студенттері ағашты отамай-ақ, отын алуды ойлап тапты. Олар жапырақтарды нығыздап, көмір немесе шөрге орнына қолдануға болады дейді. Отынның жаңа түрі – қоршаған ортаға зиянсыз, қауіпті заттарды бөлмейді екен. Студенттердің тың туындылары инновациялық форумда таныстырылды. Қала билігі жастардың озық ойларын қолдап, тың идеяларына бастамашы болып келеді.

GlucoMed құрылғысы



Алматылық Ердаулет Беков диабетиктер үшін қандағы қант мөлшерін өлшейтін GlucoMed құрылғысын ойлап тапқан. Саусақты инновациялық білезікке апару арқылы, әп-сәтте қант мөлшерін анықтап береді. Теңдесі жоқ бірегей жобаға шетелдік бірқатар фармацевтикалық компаниялар қызығушылық танытып, 200 мың долларға жуық инвестиция құйған.

Ақылды бағдарлама



Қаламыздың жас өнертапқыштары Ақсұлтан Мұхамбет пен Нұрдаулет Тасмұрзаев карантиндік талаптарды қатаң қадағалайтын жаңа құрылғы ойлап тапты. Тың бастама адамның бетперде таққанын не тақпағанын анықтай алады. Электронды бағдарламаны жасауға 2 ай уақыт кеткен. Мұндай технологияны әлемде ең бірінші болып үнді ғалымдары ойлап тапқан. Ал ТМД елдері бойынша Қазақстан алғашқылардың бірі болып осы өнімді құрастырған.

САУАЛНАМА

ЖАСТАРҒА ТОЙ ҚАЖЕТ ПЕ?

«Қазақтың тойы бітпесін» деп жар салып жүруші едік. Соңғы екі жылда коронавирус індетінің кесірінен тойлар тоқтап, тойханалардың бизнесі тоқырауға ұшырады. Қит еткен қуанышын жарияға жар салып, қарызданып, қауғаланып жүріп той жасайтын халқымыз үшін және напакасын тойдан тауып жүрген әнші, биші, асабалар үшін бұл бір сынақ секілді. Бірақ қалай десек те, індет қазақтың той туралы түсінігіне біраз өзгеріс әкелді. Мүлдем жиын-тойдан тыйылып қалмасақ та, шығынға белшеден батпай-ақ қуанышты атап өтуге болатынын түсініп келеміз. Әсіресе, жастар жағы тойдағы ысырапшылықтың, шектен тыс дарақылықтың қажеті жоқ екенін айтады. Бұл жастарымыздың өресінің өскенін көрсетсе керек.



Рүстем МҰРАТБЕКҰЛЫ,
«Elite» тобының әншісі:
Баспана тойдан маңызды


Осы уақытқа дейін талай тойды көрдік. Кейде аста-төк тойларға барған кезде ысырапшылыққа ішің ашиды. Бүкіл әлемді жайлаған індеттің өзі әр адамға құндылықтар туралы қайта ойлануға мүмкіндік беріп отырғандай. Сондықтан қазір біздің халыққа тойды қалай жасаудан гөрі денсаулықты, ұрпақтың болашағын ойлау маңыздырақ. Тығылып той жасап, карантинді сақтамай жатқан адамдардың бар екенін естіп жатырмыз ғой. Осындайда біздің халықтың менталитетіне өзгеріс керек пе деген ойда қаламын. Әсіресе, үлкен кісілер баласы тойды қалай ма, қаламай ма, онда шаруасы жоқ, дүркіретіп жасағысы келеді. Меніңше, олар балаларын емес, өздерінің абырой-беделін бірінші орынға қояды. Ал қазір көптеген жастар тойды аса қаламайды. Олар қайта баспаналы болуды, саяхат жасауды мақсат етеді. Жастардың таным-түсінігінің тереңдей түскеніне қуанамын.



Жансая АСҚАРҚЫЗЫ,
ағылшын тілінің маманы:

Ұзату тойдан бас тарттым

Мен 18 жасымда тұрмысқа шықтым. Анам әпкем екеумізді жалғыз өзі ештеңеден тарықтырмай өсірді. Жігітім маған тұрмысқа шығуға ұсыныс жасаған кезде бірден ұзату той жасамайтынымызды айттым. Ол да бұған келісе кетті. Ата-аналарымыз бір-бірімен танысып, сөйлесіп, шағын құдалық өткізді. Одан кейін екі жақ бірігіп шағын ортада той жасадық. Меніңше, тойды әркім өзінің шама-шарқына қарай жасау керек. Несие алып, қарызданып, шашылып жасаған тойда береке болмайды деп ойлаймын. Достарымыздың арасында ата-аналары керемет той жасап бергендердің кейін ажырасып жатқандарын да көріп жүрміз. Екі жастың бақытты болуы тойдың қалай өткеніне байланысты емес. Отбасылық өмірдің алғашқы жылдарында материалдық жағдайдың тұрақты болғаны жақсы ғой. Сондықтан тойға шашылғаннан гөрі жастардың жағдайының жақсы болуына көбірек көңіл бөлген дұрыс сияқты.



Анар РАХЫМҚЫЗЫ,
блогер:

Пандемия тойға өзгеріс әкелді

«Басқа тойды тойламасаң тойлама, екі жастың бақыт тойы тойлансын» демекші, өз басым үйлену тойын жасаудың жөні бөлек деп ойлаймын. Басқа туған күн, бесік той, сүндет той секілді отбасылық мерекелер үйде, шағын ортада аталып өткені дұрыс. Үйлену тойын да ең жақын деген адамдармен әдемі етіп ұйымдастыруға болады. Қазір өзімнің тойымды еске алсам, кейде күлкім келеді. Үйдің тұңғышы болған соң ата-аналарымыз 200-дей адам шақырып, той жасады. Үстімдегі көйлегім ауыр, күн ыстық, әбден мазам кеткен. Тойға келген әр адам ұзын-сонар тілек айтып бітем дегенше терлеп, ауа жетпей, той біткенше асықтық. Меніңше, өз тойы жастардың өзіне есте қаларлықтай көңіл-күй сыйлауы керек. Сондықтан қазіргі тойларға реформа қажет деген пікірмен келісемін. Пандемия тойға қажетті өзгерістерді бастап та кеткен секілді. Болашақта тойларымыз тартымды, шығынсыз, әдемі өтсе екен деп тілеймін.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі оққылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқылықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

17 қаңтар күні Мемлекет басшысы ресми сапармен Ресей Федерациясына барды. Н.Назарбаев пен В.Путиннің екіжақты кездесулерінен соң Қазақстан–Ресей мемлекеттік шекарасы туралы Шартқа, басқа да маңызды құжаттарға қол қойылды.

8-9 МАМЫР

Нұрсұлтан Назарбаев мамырдың сегізінде Ресей астанасы – Мәскеуде өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының басқосуына, ал екінші күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына арналған мерекелік салтанатқа қатысты.



17 МАМЫР

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Челябині қаласында өткен Қазақстан мен Ресейдің шекаралас өңірлері басшыларының II Форумына қатысты.



24-25 МАМЫР

Нұрсұлтан Назарбаев ресми сапармен Әзербайжан Республикасына барды.

2 МАУСЫМ

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Ресей басшысы В.Путин «Байқоңыр» ғарыш кешенінің 50 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шараға қатысу үшін Байқоңырда бас қосты.



9 МАУСЫМ

Мемлекет басшысы «Ақорда» резиденциясында Қазақстан астанасының өткені, бүгінгі мен болашағына арналған өзінің «Еуразия жүрегінде» атты жаңа кітабын таныстырды.



14 МАУСЫМ

Нұрсұлтан Назарбаев Алматы қаласында өткен Азия қоғамының «Қазақстан орнықты даму стратегиясын іске асыру және қоғамды жедел жаңғырту жолында» атты Халықаралық бизнес-конференциясына қатысты.

22 МАУСЫМ

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы – Мәскеу қаласында өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің отырысына төрағалық етті.

23 МАУСЫМ

Мәскеу қаласында Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен ҰҚШҰ Ұжымдық Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті сессиясы өтті.

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

2005

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Қазақстан Республикасының өз шекарасының құқықтық мәртебесін айқындау. Қазақстан–Ресей мемлекеттік шекарасы туралы келісім-шартқа қол қою.
2. ҰОС жылдарындағы Жеңістің 60 жылдығы.
3. Байқоңыр ғарыш айлағының 50 жылдығы.
4. Дүние жүзі қазақтарының III Құрылтайы.
5. ҚР Президентінің сайлауы

17 ҚАҢТАР

Мемлекет басшысы ресми сапармен Ресей Федерациясына барды. Н.Назарбаев пен В.Путиннің екіжақты кездесулерінен соң



Қазақстан–Ресей мемлекеттік шекарасы туралы Шартқа, «ҚазСат» қазақстандық байланыс және тарату жер серігін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге, басқа да маңызды құжаттарға қол қойылды.

27 ҚАҢТАР

Алматыда Елбасының қатысуымен әлемнің слуден астам мемлекетінің өкілдері қатысқан алқалы жиын – Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесі Антитеррористік комитетінің басқосуы өтті.



16 АҚПАҢ

Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауымен таныстырды. Нұрсұлтан Назарбаев Орталық Азия елдері Одағын құруды ұсынды. Қазақстан, Өзбекстан,



Қырғызстан арасында жасалған мәңгілік достық туралы шарт осындай бірлесу үшін берік негіз болатынын қадап айтты. «Біз ойдағыдай жұмыс істеп жатқан нарық экономикасын құрдық. Біз тарихымызда тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көпұлтты әрі көп дінді қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекетімізді орнаттық. Біз Қазақстанды Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналдырдық», – деді Президент.

25 НАУРЫЗ

Елбасы ел астанасында өткен Қазақстан кәсіпкерлерінің I Конгресіне қатысты.

8-9 СӘУІР

Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Ресей Федерациясында болды.

21 СӘУІР

Мемлекет басшысы Алматыда ашылған IV Еуразиялық медиа-форумға қатысты. Оған әлемнің қырықтан астам елінен 400-дей делегат келді.



6-7 МАМЫР

Конгресс-холлда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Ертесінде астанада осы мерекеге арналған әскери парад болды.





30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30



5 ШІЛДЕ

Мемлекет басшысы Елордада өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Басшылары Кеңесінің X мерейтойлық отырысына қатысты.



24 ТАМЫЗ

Президент республикалық теледидардың тікелей эфиріне шығып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы жайлы әңгімелеп, қазақстандықтардың сұрақтарына жауап берді.

26-27 ТАМЫЗ

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Қазан қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Ресей, Беларусь, Қазақстан және Украина құрамындағы БЭК-ке қатысушы төрт мемлекет басшыларының кездесуі өтті.

30 ТАМЫЗ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығына арналған «Консти-



туция: тұлға, қоғам және мемлекет» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Оған Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сөз сөйледі.



2005 жылы Байқоңыр ғарыш айлағының 50 жылдығы аталып өтті.

1 ҚЫРКҮЙЕК

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысып, үшінші сайланған Парламенттің II сессиясын ашты.

12 ҚЫРКҮЙЕК

Нұрсұлтан Назарбаев Елордада өткен Қазақстанның II Азаматтық форумына қатысты.



27-29 ҚЫРКҮЙЕК

Елбасы Елордада өткен Дүние жүзі қазақтарының III Құрылтайына қатысып, сөз сөйледі. Құрылтайға дүние жүзінің 32 елінен 300-ден астам қандастарымыз жиналды. Қазақстанның барлық өңірлері мен Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларынан 200-ден астам өкіл келді. Құрылтайда шет ел қазақтарын Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқыту



жағдайы, олардың тарихи отанына инвестициялар орналастыру мүмкіндіктері секілді мәселелер талқыланды.

6 ҚАЗАН

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өткен Орталық Азия Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

8 ҚАЗАН

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында өткен «Қазақстан: бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту» халықаралық симпозиумында сөз сөйледі.

11 ҚАЗАН

Дәл осы күні Мемлекет басшысы «Қазақстан – 2030» Стратегиясы іс жүзінде халықаралық конференциясына қатысты.



21 ҚАРАША


Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты. Онда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары мен 2005 жылдың 10 айындағы республикалық бюджеттің атқарылуы, сондай-ақ 2003–2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму Стратегиясының бірінші кезеңін және 2005–2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижелері қаралды.

22 ҚАРАША

Қазақстан халқы Ассамблеясының XI сессиясы өтті. Оған Мемлекет басшысы төрағалық етті, басқарды.

2 ЖЕЛТОҚСАН

Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин Қазақстан–Ресей мемлекеттік шекарасын делимитациялау туралы Шартты бекіту туралы заңдарға қол қойды.



Дәл осы күні Мемлекет басшысы «Қазақстан – тек қана алға!» ұранымен, халыққа алда өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауындағы өзінің сайлауалды тұғырнамасының негізгі ережелерін таныстырды.


4 ЖЕЛТОҚСАН

Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткерлердің сайлауы өткен күн. Мемлекет басшысы Президент сайлауында Елордадағы Горький атындағы орыс драма театрының ғимаратындағы №2 сайлау учаскесінде дауыс берді.

Сайлауға тіркелген сайлаушылардың 77 пайызы қатысты. Бұл сайлаудың ерекшелігі, онда халықаралық стандарттарға сәйкес қадамдар жасалды. Тұңғыш рет электронды дауыс беру әдісі, мөлдір әйнекті дауыс беру жәшіктері қолданылды, үміткерлердің теледебаттары, Exit-pool өткізілді. Сайлау қорытындысында 91,15 пайыз дауыс жинап, халықтың үлкен сеніміне ие болған Нұрсұлтан Назарбаев айқын жеңіске жетті.

15 ЖЕЛТОҚСАН

Мемлекет басшысы «Атасу – Алашань-коу» Қазақстан–Қытай магистральдық мұнай құбырының іске қосылуының салтанатты шарасына қатысты. Осы күні кешке Тәуелсіздік күніне орай Елордада салтанатты жиын өтті.



СТАТИСТИКА:

2005 жылы Президент республика өңірлеріне 20 рет, шет елдерге 15 рет ресми сапарға шықты. Бір жыл ішінде барлығы 83 Заң қабылданып, 177 Жарлыққа қол қойылды. Жыл бойы Елбасы еліміздің барлық аймақтарын аралап қайтты. 26 өндірістік, 7 ауыл шаруашылық кәсіпорындарында болып, әлеуметтік бағыттағы 40 нысанның жұмысымен танысты.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

2005 жылы мемлекеттік дамудың стратегиялық бағыттарын қалыптастыруда маңызды қадамдар жасалды. 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра», 2005–2010 жылдарға арналған Қазақстанның денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамыту, 2005–2007 жылдарға арналған тұрғын үй мемлекеттік бағдарламалары, «Бұрабай» курорт аймағын дамыту жобасы, Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдікке қатысты 2006–2016 жылдарға арналған стратегия – осы ауқымды жұмыстардың бәрі соның айқын дәлелі. Сонымен қатар, бұл жыл 2003–2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың алғашқы кезеңін қорытындылаған жыл болды. Стратегия аясында салалық және салааралық тоғыз бағдарлама бекітілді. Солардың арасында 2005–2015 жылдарға бағдарланған ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру мен дамыту бағдарламасын, құрылыс, энергия үнемдеу бойынша бұйымдар мен конструкциялар салаларын дамыту индустриясын ерекше атап өтуге болар. Бұл инновациялық стратегия заңдық тұрғыда 20-дан астам Заңмен негізделгенін айта кету керек.

(Жалғасы бар. Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

2005 ЖЫЛ



Қазақстан мен Ресей арасында тарихи қадам – «Қазақстан–Ресей шекарасы туралы» Заңы бекітілді

2005 жылы Ресейде «Абай жылы» аталып өтті.



9 мамырда Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 60 жылдығы



2 маусымда Байқоңырдың 50 жылдығы аталып өтті

ДҮЙСЕНБІ
16 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
6.30 Бақытты отбасы
7.00 Ура, каникулы!
8.00 Таңғы студио
10.00 Sau bolashaq
10.15 Ура, каникулы!
12.00 Телехикая. Ыстық ұя 15 серия
13.10 Телехикая. Қазбат 7 серия
14.00 Телехикая. Шыңғыс хан 9 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Телесериал. Снайпер. Последний выстрел 3 серия
16.30 Телесериал. Бархатный сезон 1-2 серия
18.30 Рараззи
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.40 Телехикая. Қазбат 8 серия
21.35 Телехикая. Ыстық ұя 16 серия
22.45 Марк Дкаскас в боевике «Двойной дракон»
1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор)
2.00 Басты назарда (қайталау)
2.30 Тіл қорғаны
2.55 Сәуле-ғұмыр
3.40 Шешімі бар! Ток-шоу
4.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6.30 «Ауылдастар».
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 «Ғашықтық дерті». Телехикая.
12.00 «Қызық екен...»
13.00 Дисней ұсынады. «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». Мультхикая.
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Біздің полиция»
15.20 «Замандастар». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.20 «Қызық екен...»
18.00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.40 «ЗАМАНДАСТАР». Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (с субтитрами)
23.30 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу.
0.30 «САНА». Ток-шоу
1.35 AQPAPAT
2.15 «Теледәрігер»
3.05 «Біздің полиция»
3.25 Әнұран

ХАБАР

- 6.00 ҚР Әнұраны
6.00 Хабарлайын
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
11.30 Телехикая. «Қарлығаш ұя салғанда»
13.00 Телехикая. «Сырлы қала»
15.00 Телехикая. «Алпыстан асып барамын»
16.00 Российский сериал
18.00 Мегахит.
«Оружейный барон»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы

- 20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая. «Сырлы қала»
23.30 Телесериал. «Разия»
1.30 «Әсем әуен»
2.00 ҚР Әнұраны



АСТАНА

- 6.00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6.30 «Made in Ұят» отандық телехикая
7.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
8.00 М/ф «Маша и медведь»
9.50 «Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Хон Гиль Дон» корей телехикаясы
14.00 «Айтарым бар» ток-шоуы. Тікелей эфир
15.00 «Менің жолым» деректі фильм
15.30 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
17.00 «Аладдин» телехикаясы
18.00 «Тағдырым жазылған күн» түрік телехикаясы
20.00 ASTANA TIMES
20.30 «Қазақы карантин» отандық телехикая
21.00 Тұсаукесер! «Қара ниет 2» түрік телехикаясы
22.00 «Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
23.25 «Хон Гиль Дон» корей телехикаясы
0.55 «Қош келдіңіз»
1.45 ASTANA TIMES
2.15 «Біреудің есебінен» деректі драма
3.00 «KazNet» ғаламторға шоу
3.20 «Үздік әзілдер»
3.50 «Интерны» т/сериал
4.35 «Біздің ауыл»
5.05 «Отбасы»
5.30 «Бірегей»



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/п «Регина+1»
11.00 Х/ф «Шальная карта»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
14.00 Скetchком «Q-елі»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.10 Т/с «Тайная жизнь моего секретаря» Премьера!
17.30 Х/с «Гранд» 3 сезон
18.00 Т/с «Выбор матери»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Чёрная лестница»
21.30 Т/х «Ата-ана, бала-шаға»
22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Х/с «Гранд» 3 сезон
00.30 Х/ф «13»
02.30 Скetchком «Q-елі»
03.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Ризамын (қазақша)
06.50 «Восьмидесятые» телехикаясы
08.40 Экстрасенсы-детективы (қайталау)
09.40 «Иффет» түрік телехикаясы (қазақша)
11.00 «Ананди» үнді телехикаясы (қазақша)
12.30 «Тайна Мосли» анимациялық фильмі (қайталау)

- 14.40 КИНО. Шэрон Стоун «Глория» криминалды драмасында (қайталау)
17.00 Тұсаукесер! «Личное дело» телехикаясы
18.10 КИНО. «Скайлайн 2» фантастикалық триллері (қайталау)
20.00 Информбюро (қазақша/орысша)
21.00 Тұсаукесер! «Ворон» түрік телехикаясы
21.50 КИНО. Шарлиз Терон «Взрывная блондинка» боевикінде
00.20 «Ананди» үнді телехикаясы (қайталау) (қазақша)
01.30 Кел, татуласайық! (қазақша)
03.30 1001 анекдот (қазақша)
05.00 Әзіл студио (қазақша)



KTK

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ӨМІР САБАҒЫ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
08.10 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», түрік телехикаясы. С субтитрами на русском
09.30 «ПОЛИЦЕЙСКИЙ РОМАН», криминальная мелодрама (повтор)
11.50 «БУДЬ ЧТО БУДЕТ», мелодрама (повтор)
16.00 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ», детективная мелодрама
18.00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ». Өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.35 «МЕРТВЫЕ ЛИЛИИ», детективная мелодрама. В ролях: Дана Абызова, Артём Карасёв, Елизавета Майская. Премьера!
23.50 «СТАЖЕРЫ», остросюжетный детектив. В ролях: Андрей Чубченко, Галина Польских
01.40 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ», детективная мелодрама (повтор)
02.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ»
03.50-
04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 7.00 Әнұран
7.05 ТЕННИС. «Президент Кубогы». Zhanibek Challenger 80»
9.05 «ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ». 1-шығарылым. Арнайы репортаж ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Республикасының Кубогы. «Жетісу» – «Каспий»
11.15 «САМБОШЫЛАР ЕЛ КУБОГЫН САРАПҚА САЛДЫ». Арнайы репортаж ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 4 тур «Алтай» – «Жетісу» (Әйелдер)
14.05 «ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ». 2-шығарылым. Арнайы репортаж ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. Швеция – Словакия
16.35 «Дәстүрлі спорт түрлерінің ізімен». 9-бөлім. Деректі фильм

- 17.05 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 3 тур «Маңғыстау» – «Атырау» (Ерлер)
19.25 «Тобыл жағасындағы байрақты турнир». Арнайы репортаж ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. Хорватия – Чехия
21.45 «BAQ LIGA. ФУТБОЛ». Арнайы репортаж КАЗАҚ КҮРЕСІ. ҚР Кубогы. Іріктеу кезеңі. Ерлер (82 кг)
1.20 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. «Доп дода». қорытынды бағдарлама
Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
7.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
7.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
7.35 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
7.40 «Супер әке»
7.55 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
8.10 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
9.00 Анимация. Отандық / «Еркетай»
9.15 Анимация. Отандық / «Көжектер»
9.25 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
9.40 Тұсаукесер! «Расулдың хикаялары» ситкомы
10.00 Тұсаукесер! «Табиғат сақшылары» ситкомы
10.20 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
10.30 «Ғажайып өлке» танымдық жобасы.
10.40 Анимация. Отандық / «Айдар»
10.50 «Еге мен Гага» Мультхикая.
11.20 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.50 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
12.00 «Энертапқыш» танымдық жобасы.
12.10 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
12.30 «Көке» ситкомы
12.45 Анимация. Отандық / «Күшік»
12.55 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
13.20 «Қос алқа» танымдық бағдарламасы.
13.30 Анимация. Отандық / «Ертемір»
13.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
13.50 Анимация. Отандық / «Әли мен Аяя»
14.00 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
14.10 Анимация. Отандық / «Еркетай»
14.20 Тұсаукесер! «Айдаһарлар. Шалғайдағы шытырман» Мультхикая.
14.45 «Үкілі әуен» телехикаясы
15.20 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.35 Анимация. Отандық / «Көжектер»
15.45 Тұсаукесер! «Табиғат таңғажайыптары» танымдық жобасы.
15.55 Анимация. Отандық / «Айдар»
16.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
16.25 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
16.55 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
17.05 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»

- 17.15 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
17.25 «Супер әке» Мультхикая.
17.40 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
18.00 «Ғажайып өлке» танымдық жобасы.
18.10 «Супер Зак» Мультхикая.
18.30 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарламасы.
18.40 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
18.50 «Венди» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
19.30 Анимация. Отандық / «Әли мен Аяя»
19.40 «Көке» ситкомы
20.00 «Қос алқа» танымдық бағдарламасы.
20.10 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
20.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
20.40 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
20.50 Анимация. Отандық / «Күшік»
21.00 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
21.15 Тұсаукесер! «Айдаһарлар. Шалғайдағы шытырман» Мультхикая.
21.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
21.50 Тұсаукесер! «Табиғат сақшылары» ситкомы
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Сәби»
22.45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
23.10 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
23.35 Анимация. Отандық / «Көжектер»
23.45 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

- 06.05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
06.40 Рухани байлық
07.30 Sygym story
08.10 Ой-талқы
09.00 «Тәтті time» – Аспаз уақыты
09.40 Dara til
10.10 Қалақай
10.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.10 Ем болсын
13.20 Абайдың жолы
14.00 Ем болсын
14.10 Тәлім history
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-3» – телехикая
17.00 Ем болсын
17.10 «Summary 100 кітап»
17.30 Ем болсын
17.50 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Кешкі әңгіме
19.10 Емен-жарқын
20.00 «Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21.00 «Үлкен үй-3» – телехикая
22.00 Talim Speakers
22.30 Проза параграфы
23.00 «Менің анам, менің әкем» – ата-ана туралы сыр
23.30 «По душам» – Психологиялық бағдарлама



СЕЙСЕНБІ 17 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Телехикая. Шыңғыс хан 9 серия
8.00 Таңғы студия
10.00 Ура, каникулы!
12.00 Телехикая. Ыстық ұя 16 серия
13.10 Телехикая. Қазбат 8 серия
14.00 Телехикая. Шыңғыс хан 10 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Телесериал. Снайпер. Последний выстрел 4 серия
16.30 Телесериал. Бархатный сезон 3-4 серия
18.30 Алматинские каникулы
18.45 Crime time
18.55 Қорытынды жаңалықтар
19.25 Итоговые новости
19.55 Akimat live (прямой эфир)
20.35 Телехикая. Қазбат 9 серия
21.30 Телехикая. Бәрібір сені сүйем 1 серия
22.40 Мужской кино клуб. Брюс Ли в боевике «Путь дракона»
0.40 Crime time
0.50 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор)
1.50 Akimat live (повтор)
2.25 Сәуле-ғұмыр
3.15 Qyzuzq chat
3.40 Шешімі бар
4.25 Әсем әуен
4.35 Алматы көші
5.50 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6.20 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 «Ғашықтық дерті». Телехикая.
12.00 «Қызық екен...»
13.00 Дисней ұсынады. «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». Мультхикая.
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Қайсар жан»
15.20 «Замандастар». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.20 «Қызық екен...»
18.00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.40 «ЗАМАНДАСТАР». Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23.30 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу.
0.30 «САНА». Ток-шоу
1.35 AQPAPAT
2.15 «Теледәрігер»
3.05 «Қайсар жан»
3.25 Әнұран

ХАБАР

- 6.00 ҚР Әнұраны
6.00 Хабарлайын
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
11.30 Телехикая. «Қарлығаш ұя салғанда 2»
13.00 Телехикая. «Сырлы қала»
15.00 Телехикая. «Алпыстан асып барамын»
16.00 Российский сериал
18.00 Мегахит. «Голодный кролик атакует»

- 20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая. «Сырлы қала»
23.30 Телесериал. «Разия»
1.30 «Әсем әуен»
2.00 ҚР Әнұраны



АСТАНА

- 6.00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6.30 «Made in Ұят» отандық телехикая
7.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
8.00 М/ф «Маша и медведь»
9.50 «Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
11.20 Тұсаукесер! «Қара ниет 2» түрік телехикаясы
12.20 «Хон Гиль Дон» корей телехикаясы
14.00 «Айтарым бар» ток-шоуы. Тікелей эфир
15.00 «Менің жолым» деректі фильм
15.30 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
17.00 «Аладдин» телехикаясы
18.00 «Тағдырым жазылған күн» түрік телехикаясы
20.00 ASTANA TIMES
20.25 «Қазақы карантин» отандық телехикая
20.55 Loto 5/36. Прямой эфир
21.00 Тұсаукесер! «Қара ниет 2» түрік телехикаясы
22.00 «Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
23.25 «Хон Гиль Дон» корей телехикаясы
0.55 «Қош келдіңіз»
1.45 ASTANA TIMES
2.15 «Біреудің есебінен» деректі драма
3.00 «KazNet» ғаламторға шолу
3.20 «Үздік әзілдер»
3.50 «Интерны» т/сериал
4.35 «Біздің ауыл»
5.05 «Отбасы»
5.30 «Бірегей»



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/с «Выбор матери»
11.00 Х/с «Чёрная лестница»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
14.00 Скetchком «Q-елі»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.10 Т/с «Тайная жизнь моего секретаря» Премьера!
17.30 Х/с «Гранд» 3 сезон
18.00 Т/с «Выбор матери»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Чёрная лестница»
21.30 Т/х «Ата-ана, бала-шаға»
22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Х/с «Гранд» 3 сезон
00.30 Т/с «Анна-детектив»
01.30 Скetchком «Q-елі»
03.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Ризамын (қазақша)
06.50 Әзілдер күнделігі (қазақша)
07.20 Информбюро (қайталау)
08.30 Тұсаукесер! «Личное дело» телехикаясы (қайталау)
09.40 «Иффет» түрік телехикаясы (қазақша)

- 11.00 «Ананди» үнді телехикаясы (қазақша)
13.00 Тұсаукесер! «Құзғын» түрік телехикаясы (қайталау) (қазақша)
14.00 What's up? (қазақша)
14.30 Дмитрий Ульянов, Мария Машкова «Идеальный враг» телехикаясында
17.00 Тұсаукесер! «Личное дело» телехикаясы
18.10 КИНО. «Район №9» фантастикалық триллері (қайталау)
20.00 Информбюро (қазақша/орысша)
21.00 Тұсаукесер! «Ворон» түрік телехикаясы
21.50 КИНО. «Бункер» детективті триллері
23.50 «Ананди» үнді телехикаясы (қайталау)
01.30 Кел, татуласайық!
03.30 1001 анекдот (қазақша)
05.00 Әзіл студия (қазақша)



КТК

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӨМІР САБАҒЫ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
08.40 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», түрік телехикаясы. С субтитрами на русском
10.00 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.35 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
11.15 «СТАЖЕРЫ», остросюжетный детектив (повтор)
13.40 «МЁРТВЫЕ ЛИЛИИ», детективная мелодрама (повтор)
16.00 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ», детективная мелодрама
18.00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ». Өзбек телехикаясы.
Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.35 «МЁРТВЫЕ ЛИЛИИ», детективная мелодрама.
23.50 «СТАЖЕРЫ», остросюжетный детектив.
01.40 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ», детективная мелодрама (повтор)
02.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10 «ЭЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ»
03.50-
04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 7.00 Әнұран
7.05 ТЕННИС. «Президент Кубогы». «Zhanibek Challenger 80»
8.45 «BAQ LIGA. ФУТБОЛ». Арнайы репортаж
9.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Республикасының Кубогы. «Ордабасы» – «Қызыл-Жар»
11.05 «ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ». 2-шығарылым. Арнайы репортаж
11.25 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 4 тур «Алтай-2» – «Қуаныш» (Әйелдер)
12.50 «Тобыл жағасындағы байрақты турнир». Арнайы репортаж
13.05 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. Англия – Шотландия
15.10 «ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ». 3-шығарылым. Арнайы репортаж

- 15.30 UEFA EURO 2020. Турнирдің барлық голдары
16.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Республикасының Кубогы. «Қызыл-Жар» – «Шахтер» Тікелей эфир
19.00 «ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ». 1-шығарылым. Арнайы репортаж
19.15 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 3 тур «Атырау» – «Павлодар» (Ерлер)
20.30 «САМБОШЫЛАР ЕЛ КУБОГЫН САРАПҚА САЛДЫ». Арнайы репортаж
20.45 ҚАЗАҚ КҮРЕСІ. ҚР Кубогы. Іріктеу кезеңі. Ерлер (100 кг)
23.20 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2020. Қорытынды шолу
0.15 Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
7.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
7.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
7.35 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
7.55 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
8.10 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
9.00 Анимация. Отандық / «Еркетай»
9.15 Анимация. Отандық / «Көжектер»
9.25 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
9.40 Тұсаукесер! «Расулдың хикаялары» ситкомы
10.00 Тұсаукесер! «Табиғат сақшылары» ситкомы
10.20 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
10.30 «Ғажайып өлке» танымдық жобасы.
10.40 Анимация. Отандық / «Айдар»
10.50 «Еге мен Гага» Мультхикая.
11.20 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.50 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
12.00 «Өнертапқыш» танымдық жобасы.
12.10 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
12.30 «Көке» ситкомы
12.45 Анимация. Отандық / «Күшік»
12.55 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
13.20 «Қос алқа» танымдық бағдарламасы.
13.30 Анимация. Отандық / «Ертемір»
13.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
13.50 Анимация. Отандық / «Әли мен Айя»
14.00 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
14.10 Анимация. Отандық / «Еркетай»
14.20 «Айдаһарлар. Шалғайдағы шытырман» Мультхикая.
14.45 «Үкілі әуен» телехикаясы
15.20 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.35 Анимация. Отандық / «Көжектер»
15.45 Тұсаукесер! «Табиғат таңғажайыптары» танымдық жобасы.
15.55 Анимация. «Айдар»
16.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
16.25 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.

- 16.55 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
17.05 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
17.15 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
17.25 «Супер әке» Мультхикая.
17.40 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
18.00 «Ғажайып өлке» танымдық жобасы.
18.10 «Супер Зак» Мультхикая.
18.30 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарламасы.
18.40 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
18.50 «Венди» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
19.30 Анимация. Отандық / «Әли мен Айя»
19.40 «Көке» ситкомы
20.00 «Қос алқа» танымдық бағдарламасы.
20.10 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
20.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
20.40 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
20.50 Анимация. Отандық / «Күшік»
21.00 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
21.15 Тұсаукесер! «Айдаһарлар. Шалғайдағы шытырман» Мультхикая.
21.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
21.50 Тұсаукесер! «Табиғат сақшылары» ситкомы
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Сәби»
22.45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
23.10 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
23.35 Анимация. Отандық / «Көжектер»
23.45 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

- 06.05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
06.40 Рухани байлық
07.30 Балалық шаққа саяхат
08.10 Фибратты ғұмырлар
09.00 Talim Speakers
09.40 Repost times
10.10 «Шам түбіндегі ертегі» – Балалар уақыты
10.30 Orkeni style
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.20 Қазақы өңгіме
13.10 Ем болсын
13.20 Қышқыл – мысқыл
14.00 Ем болсын
14.10 Қазақ спортының классикасы
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» – Тікелей эфир
16.00 «Үлкен үй-3» – телехикая
17.00 Ем болсын
17.10 Тамашаліке
17.30 Ем болсын
17.50 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Кешкі өңгіме
19.10 Өнер қырандары
20.00 «Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21.00 «Үлкен үй-3» – телехикая
22.00 Айтыстар.
Алтын қор.
22.30 ОңLine
23.00 Семейный доктор
23.30 Айтыс – файтс

СӘРСЕНБІ
18 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Crime time
7.10 Телехикая. Шыңғыс хан 10 серия
8.00 Таңғы студия
10.00 Sau bolashaq
10.15 Ура, каникулы!
12.00 Телехикая. Бәрібір сені сүйем 1 серия
13.10 Телехикая. Қазбат 9 серия
14.00 Телехикая. Шыңғыс хан 11 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Телесериал. Снайпер. Офицер смерш 1 серия
16.30 Телесериал. Манекенщица 1-2 серия
18.30 Бәрі біледі
19.00 Akimat live с акимом города Алматы (прямой эфир)
19.45 Қорытынды жаңалықтар
20.15 Итоговые новости
20.45 Телехикая. Қазбат 10 серия
21.35 Телехикая. Бәрібір сені сүйем 2 серия
22.45 Цикл документальных фильмов «Алматы. Эра Независимости»
23.15 Мужской кинолуб. Джет Ли в боевике «Черная Маска»
1.15 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор)
2.15 COVID-19. Телемедицина
2.40 Сәуле-ғұмыр
3.25 Шешімі бар! Ток-шоу
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6.20 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 «Ғашықтық дерті». Телехикая.
12.00 «Қызық екен...»
13.00 Дисней ұсынады. «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». Мультхикая.
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Тұлға»
15.30 «Замандастар». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.20 «Қызық екен...»
18.00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.40 «ЗАМАНДАСТАР». Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23.30 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу.
0.30 «САНА». Ток-шоу
1.35 AQPAPAT
2.10 «Теледәрігер»
3.00 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
3.25 Әнұран

ХАБАР

- 6.00 ҚР Әнұраны
6.00 Хабарлайын
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
11.30 Телехикая. «Қарлығаш ұя салғанда 2»
13.00 Телехикая. «Сырлы қала»
15.00 Телехикая. «Алпыстан асып барамын»

- 16.00 Российский сериал
18.00 Мегахит. «Ограбление. Код 211»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая. «Сырлы қала»
23.30 Телесериал. «Разия»
1.00 «Әсем әуен»
2.00 ҚР Әнұраны

АСТАНА

- 6.00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6.30 «Made in Ұят» отандық телехикая
7.00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
8.00 М/ф «Маша и медведь»
9.50 «Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
11.20 Тұсаукесер! «Қара ниет 2» түрік телехикаясы
12.20 «Хон Гиль Дон» корей телехикаясы
14.00 «Айтарым бар» ток-шоуы. Тікелей эфир
